



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



23 қазан, жексенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

№160-161
(20434-20435)

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Республика күні ұлттық мереке қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Олардың қатарында өндіріс, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау салаларының көрнекті өкілдері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, спортшылар, еңбек ардагерлері, мәдениет және ғылым қайраткерлері бар.

Қазақстан Республикасына сіңірген зор еңбегі үшін «Халық қаһарманы» атағы мемлекет және қоғам қайраткері Қайырбек Сүлейменовке, әлеуметтік-гуманитарлық дамуға және өндірістік қызметтегі аса үздік жетістіктері үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы көрнекті жазушы Дулат Исабековке және «АтырауАгроӨнімдері» ЖШС директоры Владимир Розметовке берілді.

«Отан» орденімен «Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры» РМҚК артисі К.Әсетова және «Алтын - Әсел» ЖШС директоры Х.Өтеуұлы, I дәрежелі «Барыс» орденімен – қоғам қайраткері М.Әуезов, «Жұлдыз» журналының Бас редакторы М.Құлқенов, «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС директоры М.Үдербаев, II дәрежелі «Барыс» орденімен – ақын Ө.Оралбаев, «М. Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК директоры Ш.Жанаева, III дәрежелі «Барыс» орденімен – «Қазақстандық заңгерлер одағы» РҚБ төрағасы С.Ақылбай, «Ұлттық өнер» ЖШС директоры Т.Бурмирова, белгілі қоғам қайраткері Ж.Құлқеев, «Ж. Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театры» МКҚК артисі С.Өтемісұлы, «Экономика институты» РМҚК бас директоры Ә.Сатыбалдин және басқалар марапатталды.

2-бет

«ДЕКЛАРАЦИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ АШҚАН АҚЖОЛТАЙ ҚҰЖАТ»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне орай Ақордада бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар мен мемлекеттік сыйлықтар тапсырды.

Президент, ең алдымен, салтанатты шараға жиналған қауымды Республика күнімен құттықтады.

– Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттік дәстүрі жаңғырған күн. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат Тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, Декларация – еліміздің Тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев «республика» сөзі латын тілінен аударғанда «ортақ іс» деген мағына беретінін атап өтіп, республика өз ісіне жауапты азаматтардың ортақ іс-әрекетінің арқасында құрылатынына тоқталды.

Президенттің айтуынша, мемлекет құру тәжірибесі, тарихы мен заман талабы шынайы символдарды айқындап береді.

– Біздің паспорт бүкіл әлемде құрметтеледі, оған ешқандай кедергі жоқ. Қазақстан азаматтары шет мемлекеттердің визасын алып, шекараларды кесіп өтеді, қызметтік және жеке мақсатта шетелге еркін шығады. Бұл – біздің этносаралық толеранттылық пен достықты нығайту жөніндегі саясатымыздың,

сондай-ақ халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті бағдарымыздың нәтижесі, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент еліміздің барша азаматтарын біріктіріп, ортақ іске жұмылдыратын тағы бір символы мемлекеттік ту екенін атап өтті.

– Әрбір азаматымыз қастерлі Отанымызға деген сүйіспеншілігін мемлекеттік рәміздерге құрметі арқылы көрсете алады. Қазір байрағымызды қоғамдық жерлерде және жекеменшік орындарда қоюға еш тыйым жоқ. Біз домбыраға әр қазақтың төрінен орын бар дейміз. Бұл – дұрыс. Сол сияқты еліміздің әр отбасында көк байрағымыз тұрса, өте жарасымды болатыны сөзсіз. Біздің туымызда халқымыздың бүкіл рухы көрініс тапқан, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір құндылық – мемлекеттік тіл екенін айтып, қазақ тілінің мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болатынын жеткізді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жаңа стратегиялық бағдарымызды айқындау маңызды екенін айтып, соңғы жылдары түрлі салада түбегейлі реформалар қолға алынғанын жеткізді.

2-бет

АЗАТТЫҚҚА БАСТАҒАН БАТЫЛ ҚАДАМ



Республика күніне орай Н.Бекежанов атындағы драма театрында салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, аймақ тұрғындарын ұлық мерекемен құттықтап, игі тілегін арнады.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

– 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл декларация – Тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағы болды. Ұлттық мәні бар бұл құжаттың Кеңес одағынан түпкілікті қол үзбеген сәтте қабылдануы азаттығымызға ұмтылған батыл қадам еді. Іс жүзінде, осы ақтімен әлем картасына жаңа мемлекет – болашақ тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізі салынды. Сол сәттен бастап Егемен Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Жер, оның қойнауы, басқа

да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық әлеует республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болатыны көрсетілді. Ол кезде қазақ халқының республикадағы үлесі 40 пайыздай болғанын ескерсек, бейбіт жолмен қабылданған бұл құжаттың салмағы қандай қымбат екені айтпаса да түсінікті болары анық. Егемендік ұлттық саны оятып, Ол «Отан», «өз елім, өз жерім», «бостандық», «тәуелсіздік» деген ұғымдардың маңына ұлтымызды біріктіре бастады, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақ басшысы тарихи мәні жоғары, идеологиялық

2-бет

БАРЛЫҚ ИГІЛІК – БАЛАЛАРҒА

Өңірде білім мен денсаулық саласының дамуы, ұстаздар мен дәрігерлерді қолдау, балалар мен оқушылар және түлектерге барынша жағдай жасау – ең басты міндеттердің бірі. Соның дәлеліндей, білім мен өнер ошақтары, медициналық ғимараттар бой көтерді. Ұлттық мереке – Республика күнінде облыс тұрғындарына айрықша тарту жасалды. Бір мезетте бірнеше әлеуметтік нысан пайдалануға беріліп, балаларға қуаныш сыйлайтын жаңа спорттық ойын алаңдары ашылды.

Солардың бірі – Жалағаш ауданындағы Сыр өңірінің болашақ дарынды, өнерлі өрендерін оқытып, тәрбиелейтін «Оқушылар үйі» және «Өнер мектебінің» жаңа ғимараты. Республика күні қарсаңында пайдалануға берілген нысанның ашылуына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, аудан тұрғындарының қуанышына ортақтасты.

3-бет



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІҢ СЫР ЕЛІНДЕГІ САЛТАНАТЫ

80 СПОРТ-ОЙЫН АЛАҢЫ, 40 АВТОБУС, «ОҚУШЫЛАР ҮЙІ» МЕН ЖАҢА БАЛАБАҚША

Ұлттық мереке – Республика күнінде қызылордалықтарға айрықша тарту жасалды. Бір мезетте бірнеше әлеуметтік нысан пайдалануға беріліп, балаларға қуаныш сыйлайтын жаңа спорт-ойын алаңдары ашылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ тұрғындарын ұлық мерекемен құттықтап, игі тілегін арнады. – Барша жерлестерімді қайта оралған ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Араға 13 жыл салып, Президент Жарлығымен Республика күні

Ұлттық мереке болып халықпен қайта қауышты. Бұл тарихи мәні жоғары, идеологиялық салмағы ерек айтулы күн еліміздің бүгінгі мен ертеңіне адал қызмет ететін, ерен істер мен елеулі бастамаларды жалғастыратын барша азамат үшін маңызды, – деді Н.Нәлібаев.

3-бет

«ДЕКЛАРАЦИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ АШҚАН АҚЖОЛТАЙ ҚҰЖАТ»



– Максатымыз – Әділетті Қазақстанды құру. Қазір біз осы күрделі жолдың басында тұрмыз. Мен үшін халықтың және мемлекеттің мүддесі бәрінен биік. Сол себепті мен осы стратегиялық бағытты еліміздің басты бағдары ретінде жарияладым. Бұл жолдағы барлық жауапкершілік жүгін аркалауға дайынмын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзінің соңында елдің дамуына елеулі еңбек сіңірген бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады. Сондай-ақ руханият саласына зор үлес қосқан шығармашылық өкілдеріне Абай атындағы әдебиет

және өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлықты тапсырды.

Мемлекет басшысы Республика күніне орай жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды.

Президент ел шежіресіндегі аса маңызды осы күнге ұлттық мереке мәртебесі берілгенін айтып, биылдан бастап бұл мейрамды жоғары деңгейде атап өтетінімізді жеткізді.

– Әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер Республика күніне орай алғаш рет тапсырылmaq. Бұл өте орынды деп санаймын. Біз – ақ білектің күшімен, ақ найзаның

ұшымен ел қорғаған бағырлар еліміз. Ерлеріміз жер шетіне жау тимесін деп арқанша бес қаруын сай ұстаған. Ел басына күн туса, ту түбінен табылған. Сіздер сол бабалар жолын лайықты жалғастырып келесіздер. Айбынды армиямыз және басқа да қауіпсіздік құрылымдары – мемлекетіміздің берік қалқаны, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазіргі заманның қаншалықты күрделі екеніне тоқталып, ел қауіпсіздігін сақтау аса маңызды міндет екеніне назар аударды.

Қазақстанның Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы әскерилер мен арнаулы және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін марапаттау олардың Отан қорғау жолындағы мінсіз қызметіне берілген жоғары баға деп атап өтті.

– Біз азаматтарымыздың бейбіт өмірі мен тыныштығын қорғап жүрген әрбірінсізді құрмет тұтамыз. Өршіп келе жатқан геостратегиялық шиеленіс жағдайында күштік құрылымдардың маңызы бірнеше есе артады. Армия, құқық қорғау және арнаулы органдар – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығының сенімді тірегі, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігінің кепілі, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсімнен кейін Мемлекет басшысы жаңа атақ-шен алғандардың баршасын құттықтап, ер-азамат үшін халқына қалтқысыз қызмет етуден асқан бақыт жоқ екенін атап өтті.

– Қастерлі Отанымызды, қасиетті тәуелсіздігімізді қорғау – әр азаматтың перзенттік парызы. Баршаның зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Республика күні құтты болсын! Көк байрағымыз арқанша бікте желбіресін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАЗАНДАҒЫ №1047 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС:

I ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:
УДЕРБАЕВ Мұрат Пірмағамбетұлы – белді кәсіпкер, меценат, «Автомобиль жол басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры.

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:
МЫХАНОВ Сапарбек Ақмырзаұлы – 20 жылдан бері өңірдің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқан қайраткер.

КӨРБӨЗҮЛЫ Бағдат – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қорқыттану» ғылыми орталығының жетекшісі.

ДҮЙСЕНБАЕВ Марат Базарбайұлы – өз қаражаты есебінен құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығының құрылысын салуда.

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:
ОРАЗЫМБЕТОВ Сұлтанбек Қойшыбайұлы – еңбек озаты. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ҚОЖАБЕКОВ Марат Снатұлы – «Ақмар және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы.

ОҢҒАРБАЕВ Имамдін – Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

ЫСҚАКОВ Бақдәулет Құлбекұлы – «Интерстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

ЕСПАНОВ Манарбек Ұзақұлы – кәсіпкер, құрылысшы, «АгроХолдинг Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры.

ЕРА.ШЕВ Дархан Жұмашұлы – «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің төрағасы.

САҚТАҒАНОВ Қанағат Жанабекұлы – «Асар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы.

БИСЕНОВ Марат Алдабергенұлы – «Ақжарма-2» шаруа қожалығының төрағасы.

НҮРСЕЙТОВ Қайрат Болатұлы – «Ақжарма және К» шаруа қожалығының төрағасы.

ӘБИБҰЛЛАЕВА Аида Ибрагимқызы – «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамы Қызылорда облыстық филиалының директоры.

СҮЛТАНОВ Сейткамал Абзалұлы – «Мәді қажы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің төрағасы.

II ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАНҚЫ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

НҮРЖАНОВА Рәбибі Құрманалықызы – «РК-Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

ТАСБОЛАТОВ Бақытжан Сағындықұлы – «Шиелі МТС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

ЕСДАУЛЕТОВ Қаршыға – еңбек ардагері. Қармақшы ауданының Құрметті азаматы. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

МАНШАРИПОВ Батырбек – еңбек ардагері.

БИСЕМБАЕВ Берік – ауыл шаруашылығы саласының ардагері.

ИБРАНИМОВ Амангелді Әбдіқалдыұлы – сот саласының ардагері.

ӘЛИЕВ Жұмабек Төлешұлы – 2017 жылдан бастап Ақжарма ауылдық округінің әкімі.

ДІЛМАҒАМБЕТОВ Нұржау Әзбергенұлы – еңбек ардагері.

ҚАРАЖАНОВА Жанар Байназарқызы – білім саласының ардагері, педагог-ұстаз.

БҮРКІТБАЕВ Қаржыбек Тәжібайұлы – Жаңақорған ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы.

ҚҮШМҮРЗАЕВ Еркін Қарабайұлы – «Экспертиза Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сарапшысы.

МАШТАЕВ Әділхан Ибрагимұлы – «Аман-Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

АЛМАҒАМБЕТОВ Серік Алдажарұлы – №19 Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің директоры.

ІЗБАСҚАН Ләззат Шманқызы – Қазалы ауданы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы №204 орта мектебінің директоры.

МУҚАНОВ Ғабит Серікұлы – Қызылорда облысының әкімдігі іс басқармасының автокөлік жүргізушісі.

ЖҮСІП Кенжебай Сыздықұлы – Алғабас ауылдық мәдениет үйінің басшысы. Айтқыскер әкін.

ҚОШАЛАКОВ Әділ Үсенұлы – Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы.

ҮЗДЕМБАЕВ Жақсылық Нұрбайұлы – «Өркен Әлем» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

ДАДАШЕВ Қахар Алимович – Қызылорда облыстық өзбек қоғамдық-мәдени бірлестігінің төрағасы. Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары.

ҚАЛДАРБЕКОВ Мұса Оспанұлы – облыстық тексеру комиссиясының төрағасы.

ЖАҚЫПБАЕВА Әлия Нәзірәліқызы – облыстық экономика және қаржы басқармасы басшысының орынбасары.

ҚАСЫМОВА Ақзира Бақтыбайқызы – Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары.

СЫРЛЫБАЕВА Аяғыз Мұратбайқызы – облыстық сайлау комиссиясының хатшысы.

ҚАЗБЕКОВА Мира Жомартқызы – облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы.

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

НАРШАБАЙ Көбек Әбдібақыұлы – Қазалы ауданаралық ауруханасы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі.

ИСАЕВА Әлия Варленқызы – көпбейінді облыстық ауруханасы ота жасау бөлімшесінің меңгерушісі, дәрігер, анестезиолог-реаниматолог, дәрігер-трансфузиолог.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

АЙМЕНОВ Сейтмахан Нұрәліұлы – Қызылорда қаласының қаржы бөлімінің басшысы.

АЙКӨПЕШОВ Мұрат Мәлікажарұлы – Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.

РАТОВА Құттықыз Артыққызы – Шнелі ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы.

ЖУМАБЕКОВА Гүлзінат Мүсірепханқызы – «Қызылорда су жүйесі» мекемесі тазалық бөлімінің басшысы.

ШОҢТАҚАБЕВ Сәбит Серікұлы – «Ерлігі үшін» медалімен наградалды.

ЖАМЕСНОВ Балтабай Кошенұлы – білім саласының ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалды.

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»
АЛМАТОВ Алмасбек Нұрмаханұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ «БІРЛІК» АЛТЫН МЕДАЛІМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

ИСКАКОВ Расул Сабирович – меценат, «Авангард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Қазақстан халқы ассамблеясының белсенді қатысушысы.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

ИВАНОВА Вера Владимировна – «Lev am» «Қызылорда облыстық еврей қоғамдық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

БАҚТЫБАЕВА Ляззат Шайзақызы – «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиал басшысы, облыстық «Медиаторлар кеңесінің» төрағасы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

ҚАЛИЕВ Ерлан Пірғазыұлы – Байқоңыр қалалық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Белгілі ғалымдар, мәдениет қайраткерлерінің, өндіріс саласы өкілдерінің еңбегі «Парасат» орденімен атап өтілді, олардың арасында «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ бас директоры С.Әдеков, «Шымкентмай» АҚ президенті Д.Адирбеков, еңбек ардагері Ж.Аманбаев, Қазақстандық блокчейн-технологиялар қауымдастығының директоры С.Ахметов, «Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы Р.Баталов, «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ басқарма төрағасының орынбасары – бірінші проректоры Ғ.Байтоқ, «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМҚК бас ғылыми қызметкері Т.Жанұзақов, ақын Р.Бүркітбаева, «Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы» мекемесінің директоры Ө.Жалаири, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ профессоры Б.Кәрібоқылы, «Н.Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» РМҚК жетекшісі актрисасы В.Крыская, «Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМҚК бас

директоры Д.Мәсімханұлы, саясаттанушы Б.Нұрмұхамедов, «Астана медицина университеті» КеАҚ кафедра меңгерушісі Р.Рақымжанова, М.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстандық филиалының директоры А.Сидорович, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы Н.Өтпенов бар.

II дәрежелі «Достық» орденіне «Татнефть» ААҚ бас директоры Нәиль Маганов, «Астана» халықаралық қаржы орталығы» АҚ халықаралық төрелік орталығының төрағасы Барбара Домани, Монғол ғылым академиясы Археология институтының бөлім меңгерушісі Алтангэрэлийн Энхтор және басқалар ел болды.

«Құрмет» орденімен марапатталғандар қатарында «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві» РММ бас сарапшысы Л.Ақтаева, «Республикалық қан орталығы» РМҚ директоры Д.Бекіров, «Қазақстанская правда» газетінің Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша меншікті тілшісі Л.Доброга, «Павлодар қаласының №16 мектеп-лицейі» КММ мұғалімі Ж.Жақсылықова, «Үржар ауданының №2 аудандық ауруханасы» КМҚ бас дәрігері Н.Жақиянова, «Алатау» театрының

директоры Р.Зайтов, «Мирас» ШҚ басшысы Б.Қарабаев, Жетісу облысының олимпиадалық резерв дайындау орталығының директоры М.Мамырлов, «Ядролық физика институты» РМҚ бас инженері А.Мартошов, еңбек ардагері М.Сүлейменов бар.

Өнеркәсіп, транспорт, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа материалдық өндіріс салаларының 76 жумысшысы мен еңбеккері, соның ішінде 2 еңбек династиясының өкілдері «Еңбек Данқы» орденінің иегері атанды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы ғылым және мәдениеттің 28 көрнекті өкіліне берілді. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен 260 адам наградалды.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің бір тобы II дәрежелі «Данқ», II және III дәрежелі «Айбын» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалдарымен марапатталды.

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТТІ ТАМАШАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған салтанатты концертті тамашалады. Мерекелік іс-шара «Астана Опера» опера және балет театрында өтті.

Концертте отандық танымал өнер жұлдыздары, опера әншілері, хореографиялық топтар, сондай-ақ симфониялық оркестр өнер көрсетті.

Айта кетейік, Республика күніне арналған осы салтанатты іс-шараға Қызылорда облысының делегациясы қатысты. Делегация құрамында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, қоғам қайраткерлері Самұрат Имандосов, Шахизат Төребаев, Серхожа Ыдырысов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Онғарбаев және басқа азаматтар болды.



АЗАТТЫҚҚА БАСТАҒАН БАТЫЛ ҚАДАМ

Сонымен бірге, Жалағаш ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» пайдалануға берілді. Өңірде «Балалар жылында» демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 80 спорт-ойын алаңы балдырғандарымызға тарту етілді. Туған жерге жанашыр меценаттардың қаржысымен Жаңақорған ауданында құны 790 млн теңге болатын заманауи демалыс паркі ашылды. Сырдария ауданы, Н.Лиясов ауылында құны 350 млн теңгені құрайтын «Еңбекшілер паркі» бой көтерді. Теңізді өлке Арал ауданында «Балықшылар монуменгі мен аллеясы» ашылуда. Жеке кәсіпкер қаржысына 300 орындық жаңа балабақша есігін айқара ашты. Апатты деп танылған Тоқабай ауылындағы мектеп жеке инвестор есебінен 500 млн теңге қаржыға қайта салынуда. Белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Аналар үйі» орталығының құрылысы басталды. Келесі жылы ел игілігіне беріледі. Жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 12 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы салынууда. Демеушілердің көмегімен 100 млн теңгеге қазіргі терминалға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, әуежай алаңы жаңартылды. «ҚазГерМұнай» компаниясы басшылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы басталады. Жалпы, 5-6 айдың ішінде тек

жергілікті кәсіпкерлер 9 млрд теңгеге қолдау көрсетіп, ауқымды жобалардың жүзеге асуына дәнекер болды, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, облыста шетелдік компаниялармен ынтымдастық артууда. Жақында ғана түркиялық «Акса энерджи» компаниясымен бірге қала аумағын жылу және электрмен толық қамтамасыз ететін қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Құны 215 млрд теңгеден асатын жоба 2025 жылы аяқталады. Ел ағаларымен бірлесіп отырып, тамыз айында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайының», 3,7 млрд теңгеге «Өнер орталығының», сол жағалауда 2,7 млрд теңгеге «Қан орталығының» іргетасы қаланды. Сонымен қатар, республикалық бюджеттен ауысымына 100 көлімше арналған емхана, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысын бастауға қаржы қаралды. Тағы бір атап өтер жетістік – 9 қазаннан бастап шыны зауытында өнім шығарыла бастады.

Аймақ басшысы ұлттық мереке қарсаңында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан азаматтар Президент Жарлығымен мемлекеттік наградалармен марапатталғаны да атап өтті.

– Ақорлада белгілі кәсіпкер, меценат, жерлесіміз Марат Дүйсенбаев «Парасат» орденімен, мұғалім Балтабай Жамешов «Ерен еңбегі үшін», үш жастағы баланы құтқарған жерлесіміз Сәбит Шонтақбаев

«Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Сыр өңірінің белгілі кәсіпкер-меценаттары Мұрат Үдербаев пен Марат Дүйсенбаев еліміздің, аймағымыздың дамуына қосқан ерекше азаматтық үлесі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге, капитал, тәжірибе, басқарушылар тобы мен нарықты дәл пайымдау сияқты ресурстарды экономиканы қайта құруға жұмсауға шақырған болатын. Осындай жомарт та іскер азаматтардың игі істері жерлес кәсіпкерлерімізге де үлгі болады деп сенеміз! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада облыс әкімі бірқатар мемлекеттік наградалар табыстады. Атап айтсақ, аймағымызда тұңғыш рет I дәрежелі «Барыс» ордені кәсіпкер, меценат, «Автомобиль жол басқармасы» ЖШС директоры Мұрат Үдербаевқа табысталды. Бұдан бөлек, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан бірқатар азамат Президент Жарлығымен «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек Данқы» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медалдарымен және Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ, жырау Алмасбек Алматыға «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы табысталды.

Республика күніне арналған іс-шара Сыр жұлдыздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарламамен жалғасып, мерекелік гала-концертпен қорытындыланды.



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

БАРЛЫҚ ИГІЛІК – БАЛАЛАРҒА



– Барша жерлестерімді қайта оралған ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын. Араға 13 жыл салып, Президент Жарлығымен Республика күні ұлттық мереке болып, халықпен қайта қауышты. Бұл тарихи мәні жоғары, идеологиялық салмағы ерек айтулы күн еліміздің бүгінгі мен ертеңіне адал қызмет ететін, ерен істер мен елеулі бастамаларды жалғастыратын барша азамат үшін маңызды. Ал аудан орталығынан есігін айқара ашқан «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» ел дамуына елеулі үлес қосар азаматтарды тәрбиелеп шығаратын киелі өнер ордасына айналды деп үміттенемін. Балаларымыз жаңалыққа, ата-аналар жақсылыққа қуансын. Әр отбасына бақыт, жақсылық, амандық тілеймін, – деді өз құттықтауында аймақ басшысы.

Аудан орталығынан бой көтерген «Оқушылар үйі» 200 орындық болса, «Өнер мектебінде» 50 шәкірт тәрбиеленбек. Аумағы 29 мың шаршы метрді құрайтын ғимарат «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы салынды. Бас мердігер – «Самат-Мұнай» ЖШС. Білім беру ошағына республикалық бюджеттен 431,5 млн теңге қаржы жұмсалты.

– Бүгін қуанышты күн, мерейлі мереке қарсаңында аудан орталығынан жаңа ғимараттың ашылу салтанатына күз болып отырмыз. Бұл біздің болашағымыз, келешек үміт күтер ұрпақтарымызға өте қажет. Мемлекетіміздің де басты мақсаты – жас ұрпақты тәрбиесі мен олардың болашағына деген қамқорлық. Соның айғағы ретінде, Жалағаштағы көптеген білім беру мекемелері жаранды. Кешегі кенестік дәуірде салынған ескі әрі тар ғимараттар да күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай жаңартылуда. Ал мына «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» балаларымыздың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына бірден-бір көмегін беретін орталық деуге әбден болады. Аудан халқы атынан осындай игі істің басы-қасында жүрген азаматтарға алғыс айтамын, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліев.

Сондай-ақ игі шарда дарынды, өнерлі балалар атынан республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы Аянат Бекбергелі жүректарды алғысын білдірді.

– Мен аудандық «Өнер мектебінің» домбыра сыныбында тәлім аламын. Ұстаздарымның берген білімі арқасында және талмай еңбектенудің нәтижесінде көптеген байқаулардың жеңімпазы болдым. Алдағы арманым – өнер жолына түсіп, ұлтымның өнерін әлемге әйгілі ету. Біз қалаған үйірмелерге қатысып, өзіміз таңдаған музыкалық аспаптарды еш алаңсыз үйренуге берілген мүмкіндікті Тәуелсіздіктің

жемісі деп білеміз. Екіншіден, «Балалар жылы» аясында істелген шаралардың нәтижесі. Мұндай жақсы бастамалардың әлі де жалғасын табатынына сенімді мол. Біз бала болашағына үмітпен қарап қоймай, олардың үміт шамшырағын жағалатын өз елімізбен мақтанамыз, – дейді ол.

Сондай-ақ Республика күніне тарту ретінде ауданға қарасты «Таң» ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория ел игілігіне табысталды. Мұндағы шараға облыс әкімі Н.Нәлібаев қатысып, жұртшылықты ұлық мерекемен құттықтады.

– Жалағаш ауданындағы іргелі елді мекен – «Таң» ауылы тұрғындарының көптен күткен көкейтесті мәселелерінің бірі шешімін тауып, жаңа медициналық нысан пайдалануға берілуде. Жаңа емдеу орнында дәрігерлік қызмет етуге қажетті етіп, науқастың дертіне дәуа, көңілге демеу беріп, денсаулығын жақсартуға атсалысады деп сенемін. Егемен еліміздің есесі биік, тәуелсіздігі нық болсын! Мереке құтты болсын! – деді облыс басшысы.

Ауыл халқының игілігіне қызмет ететін медициналық нысан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы 140 млн теңге қаржыға салынған.

– Бүгінгі дені сау ұрпақ – елдің ертенгі жалғасы. Халықтың тіршілігі мен бірлігі, жарқын болашағы, әрине, денсаулық саласына байланысты. Сондықтан, денсаулық – ел дамуының басты кепілі десек, артық айтпаспыз. Бүгінде қала мен аудан орталығы ғана емес, ауыл ішінде де заман талабына сай жабдықталып, бой көтерген емханалар көп. Міне, бүгін, біздің «Таң» ауылында да осындай халыққа ең қажетті дәрігерлік амбулатория жаңадан салынды. Бұрын ескі ғимаратта да жұмыс істеді. Өзім де 40 жылға жуық медбике болып келемін. Кең әрі жарық ғимарат, бұған қоса жаңа дәрігерлік жабдықтардың келуі бізді де, ауыл тұрғындарын да қуанытып отыр, – дейді жоғары санатты медбике Сәрсенқұл Мүйітенова.

Жаңа емханада 1 дәрігер, 10 орта буын, сондай-ақ өзге де жеті қызметкер жұмыс істейді. 30 төсектік дәрігерлік амбулатория 18

кабинеттен тұрады. Оның ішінде 2 стационар, психолог пен терапия кабинеті, екі дәрігерге дейін қабылдау және бір егу бөлмесі бар.

Аймақта білім саласының дамуына тілеулес меценат азаматтардың мектеп, балабақша ашу ісіне ынтасы жоғары. Мереке қарсаңында облыс орталығында 300 орындық «Ел перзенті» атауымен жаңа балабақша есігін айқара ашты. Ал жыл соңына дейін тағы екі мемлекеттік балабақша пайдаланылуға берілмек.

Игі шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, ата-аналар мен бүлдіршіндерді мерейлі мерекемен құттықтады.

– Қызылорда – экономикалық озық аймақ қана емес, балаларды бақыт мекеніне жетелейтін мейірімді қала болуға тиіс. Келешекке көз салған әрбір өркениетті ел білімді қолдаудың төте жолын инвестициямен байланыстырады. Біз де бала болашағы үшін бюджетке неқ артып ғана қоймай, салаға жанашыр азаматтарды қолдай отырып, жаңа нысандар салу тәжірибесін кенінен жалған келеміз. Қаламыздың ең ірі және шеткі ауданында орналасқан бұл балабақша 300 бүлдіршінді қабылдай алады. Бұған дейін аймақ көлемінде дәл осы жобалағы жеке бөбекжай құрылысының болмағанын ерекше атап өту қажет, – деді аймақ басшысы.

Облыста жылдан-жылға жеке мектептер мен балабақшалардың қатары көбейген. Соның нәтижесінде жеке балабақшалардың үлесі 73,1 пайызды құрап отыр. Бүгінде балалардың қамтылу көрсеткіші республика бойынша 85 пайыз болса, аймақта 90,8 пайызға жеткен.

– Біздің балабақшаға екі жастан алты жасқа дейінгі балалар қабылданады. Өздеріңіз көріп отырғандай, мектепке дейінгі білім беруде жаңа технология және биылғы бекітілген арнайы бағдарлама арқылы жұмыс істейміз. Бүгінде 110 бала тізімге алынды, оларды қабылдауға да дайынбыз. Бала саны әлі де толыға береді, – дейді балабақша меңгерушісі Светлана Ментаева.

Айта кетейік, мұнда штаттық кесте бойынша 50-ге жуық

қызметкер болса, оның 28-і тәрбиеші болып жұмыс істейді.

Ұлттық мереке – Республика күні облыс орталығында қоғамдық көліктер қатары жаңа 40 автобуспен толықты. Бұған дейін Қызылорда автобус паркіне «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жаңадан лизингке 150 дана автобус алуға 1,43 млрд теңге қаржы бөлінген. Серіктестік пен аталған қор және «ҚазТехна» (QazTehna) компаниясымен тиісті шарттарға қол қойып, жұмыстарды лайықты денгейде жалғастыруда.

Игі іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, қала тұрғындарын мерекемен құттықтады. – Осы кезге дейін ел ішінде қоғамдық көліктердің саны мен сапа мәселесі қызу талқыға түсіп, түрлі пікірлерге ұласқанын ескеріп жүрміз. Жерлестеріміз орынды пікірін мен де қуаттаймын. Аймақ басшысы қызметіне келген сәттен бастап автобус паркін жанарту ісіне мән беріп, тікелей қолдау жүргізді. Нәтижесінде 150 дана автобус алуға қаржы бөлінді. Бұл – үлкен қолдау, – деді аймақ басшысы.

Автобустарда жолаушыға барлық жағдай бар, бейнебақылау, салқындатқыш орнатылған. Халыққа өте ыңғайлы, сыйымдылығы қолайлы.

Айта кетейік, осы уақытқа дейін 21 жаңа автобус алынды. Ал, қалғаны қараша айында жеткізіледі.

Іс-шара барысында еңбек ардагері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Жарылқасын Шәріпов қалаашылық жолаушылар тасымалдау мәселесі өзекті екенін атап өтті. Облыс орталығы тұрғындарының саны жылдан-жылға өсіп келеді. Ендігі кезекте бұл мақсатта тиісті іс-шараларды жүзеге асыру кезек күттірмейді. Жаңадан жеткізілген автобустар алдағы уақытта сол түйткілді шешілуіне он септігін тигізеді.

Көпшілікке ардагер Қорғанбек Қайырлаев ақ батасын беріп, мерейлі мерекемен құттықтады.

**Ержан ҚОЖАС,
Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»**

ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРЕТІН ҚҰРАЛ

Облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен «Достық үйінде» «Мемлекеттік тілді қызмет тіліне айналдыру» тақырыбында семинар өтті. Жиын модераторы, облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов қатысушыларды Республика күні ұлттық мерекесімен құттықтап, мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолданыс аясын кеңейтіп, заңды мәртебесін қалыптастыру бағытында қаралатын мәселенің маңыздылығын атап өтті.

Сб **Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

Күн тәртібіне сәйкес облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы М.Қазбекова «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мәселелері» тақырыбында хабарлама жасап, бүгінгі өзекті мәселе – мемлекеттік тілді қызмет тіліне айналдыру мақсатында басқарма тарапынан біршама жұмыстар атқарылғанына тоқталды.

– Бүгінде қоғамның барлық саласында мемлекеттік тілді қолдану талаптары орныға бастады. Жергілікті атқарушы органдарда іс қағаздарды мемлекеттік тілде рәсімдеу бір қалыпқа түсті деуге болады. Дегенмен, мемлекеттік емес мекемелерде, ұйымдарда, мысалы, шағын және орта бизнес, банк жүйесі, қаржы, сауда, құрылыс өндіріс мекемелерінде тұтынушымен арадағы қатынас хаттар мен құжаттар толықтай мемлекеттік тілде жүргізіліп отыр деп айта алмаймыз. Осы орайда әлеуметтік желілерде және басқармаға ХҚО-да, сауда нүктелерінде, бақылау кассаларында, тұтынушылық қызметтерге арналған терминалдарда, газ пайдалану, өрт сөндіру салаларында қызмет көрсету орындарында жүргізілетін жөнінде шағымдар көптеп түседі. Бұл ретте қоғамдық даму басқармасы өз құзыретіне сәйкес түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді. Әйтсе де, меншік нысанына қарамай, барлық мекемелер мемлекеттік тілді қолданудың заң талаптарына сай орындалуын өзара талқылап, орын алған кемшіліктерді дер кезінде түзетуге жауапкершіліктен қарауы тиіс. Өсіресе, сыртқы жарнамаларда кемшіліктер жиі кездеседі. Зандылығында көрнекі ақпаратта түпнұсқа мәтін сақталуы тиіс, яғни, мемлекеттік тілде жазылуы міндетті. Ал қажет болған жағдайда орыс немесе басқа тілде жазылады. Бүгінде дейін облыс бойынша 623 кәсіпкерлік нысанға түсіндірме жұмыстары жүргізілсе, оның ішінде кемшіліктер анықталған 143 нысанға ескерту берілді. Жалпы мемлекеттік тілді қызмет тіліне айналдыру мақсатында жоспарлы жұмыстар жыл бойы жүргізіледі, – деді М.Қазбекова.

Әділет департаментінің бөлім басшысы А.Қосбергенова «Салаға қарасты мекемелердегі мемлекеттік тілдің қолданылуы» тақырыбындағы хабарламасында департамент тарапынан жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету кезінде мемлекеттік тілге басымдық беру тиісті заң талаптары арқылы түсіндіріліп отыратынын, департамент өкілдері мен Нотариаттық палата бірлесіп, нотариустарға тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсетіп келе жатқанын айтты. Хабарламашының айтуынша, атқарушылық жазбалардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын нотариаттық жүйеге енгізу мәселесі бойынша құзырлы орындарға хат жолданып, қажетті жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Қ.Бекшин бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндап, заң талаптарына сәйкес бүгінде бақылау-касса машиналарында мемлекеттік тілге ауыстыру функциясы қолданылатынын айтты.

Семинарда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары Жеңіс Сәдуақасұлы, Аман Абасилов, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қайратбек Сәрсенбаев, ардагер-қаламгер Жалғас Аманов тақырып төңірегіндегі ой-пікірлерін айтты, ұсыныстарын жолдады. Ғалымдардың айтуынша, бұл мәселені нағандық іс-шараға айналдырмай, республика бойынша тұрақты әрі жүйелі жұмыс жасайтын кеңес құрып, сол деңгейде жан-жақты талқыдан өткізе отырып, ортақ шешімдер қабылдануы қажет. Сол сияқты, термин сөздіктерін том-том кітап етіп шығарғанша, арнайы бір электронды базда орналастырса, сол тиімдірек болатынын айтты.

Ал жиын барысында туындаған «Жоғарыда аталған заң талаптарын орындамаған жағдайда қандай шара көріледі және оны қай құзырлы орган жүзеге асырады?» деген сауалға қоғамдық даму басқармасының басшысы «Жергілікті атқарушы органдар тарапынан әкімшілік хаттамалар толтырылып, айыппұл салынатын болады» деп жауап берді.

«Тіл туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес көрнекі ақпарат, ас мәзірі, жол белгілері, елді мекен атауларын, банк жүйесі, қаржы, сауда саласы бойынша мемлекеттік тілге аудару мәселелерінде филолог-ғалымдармен бірлесіп отырып, нақты, сапалы аударма жасау қажеттігі айтылды.

Семинарды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов мемлекеттік мекеме басшыларына салаға қарасты барлық ұйымдарда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу жөнінде тапсырма берді.

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІҢ СЫР ЕЛІНДЕГІ САЛТАНАТЫ

Мерейлі мерекеде қоғамдық көліктер қатары жаңа 40 автобуспен толықты. Бұған дейін Қызылорда автобус паркіне «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жаңадан лизингке 150 дана автобус алуға 1,43 млрд теңге қаржы бөлінген. Соның аясында өткен айда 21 жаңа автобус алынды. Ал, қараша айында қалған жаңа көліктер келетін болады.

Өңірде облыс әкімінің бастамасымен «Балалар жылына» арналған демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгені құрайтын қала, аудан ішінде 80 спорт-ойын алаңы бір мезетте тарту етілді.

Республика күні қарсаңында туған жерге жанашыр меценаттың қаржысы есебінен Жаңақорған ауданында құны 790 млн теңгені құрайтын заманауи демалыс парк ашылды. Ал Сырдария ауданының Н.Лиясов ауылында 350 млн теңгеге «Еңбекшілер аллеясы» бой көтерді.

Аймақта білім саласының дамуына тілеулес меценат азаматтардың мектеп, балабақша ашу ісіне ынтасы жоғары. Республика

күнінде 300 орындық жаңа балабақша есігін айқара ашты. Жыл соңына дейін тағы 2 мемлекеттік балабақша пайдаланылуға беріледі.

Соңғы 5-6 айдың ішінде жергілікті кәсіпкерлер 9 млрд теңгеге қолдау көрсетіп, ауқымды жобалардың жүзеге асуына дәнекер болды.

Мереке құрметіне Жалағаш ауданында құны 431 млн теңгеге 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі», жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Теңізді өлке Арал ауданында 150 млн теңгеге «Балықшылар монументі» мен аллея ел игілігіне берілуге дайын.

Билі өңірде 4 жаңа білім ошағы ашылды. Жыл соңына дейін 8 мектеп табысталады. Апатты деп танылған Токабай ауылындағы мектеп жеке инвестор есебінен 500 млн теңге қаржыға салынуда. Оқушыларды тасымалдау үшін осы оқу жылында мектептерге 30 автобус беріледі.

Облыста түрік компанияларымен бірлескен ынтымдастық жаңа деңгейге көтерілді. Билі қала аумағын жылу және электрмен толық

қамтамасыз ететін қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Құны 215 млрд теңгеден асатын жоба 2025 жылы аяқталады. Тағы бір түрік компаниясымен жылына 24 мың тонна қызанақ пастасын шығаратын зауыт салу туралы келіссөздер жүргізілуде.

Сыр елінде 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы», 3,7 млрд теңгеге 1000 орындық «Өнер орталығы», сол жағалаудан 2,7 млрд теңгеге «Қан орталығының» құрылысы жүруде. Белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құрылысы басталған құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығы шаһардың ажарын аша түседі.

Өңірде салынған шыны зауытының күйдіру пеші қажетті температурасына жетіп, қазан айының 9 күні алғашқы сынама шыны өнімі өндірілді. Зауыт айналасынан 8 ілепсе өндіріс дамиды. Зауытта шыны-талшықты, композиттік материалдар және басқа да өнімдер шығарыла бастайды.

Қаланың негізгі қақпасы – әуежай да қайта жаңарды. Болат Өтемұратовтың тікелей қолдауымен құны 12 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы салынуда. Қазірдің өзінде өзге де демеушілер 100 млн теңгеге бұрынғы терминалдың ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстарын жүргізді.

Балалар үшін тағы бір қомақты сый – Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» бой көтереді.

Алдағы 3 жылда аймақта «Жайлы мектеп» жобасы аясында 70 млрд теңгеге 15 мемлекеттік мектептің құрылысын салу жоспарланған. Оның ішінде 19,6 млрд теңгеге келер жылы 9 білім ошағының құрылысы басталады.

Денсаулық сақтау саласында 2 жыл ішінде 27 жаңа нысан халық игілігіне беріледі. Орталық атқарушы органдармен бірге жасалған орнықты жұмыстардың нәтижесінде 36,4 млрд теңгеге Қызылорда қаласынан көпсалалы аурухана мен емхана тұрғындардың игілігіне қызмет ететін болады.

ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Көпбейінді облыстық аурухананың мәжіліс залында Республика күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранымен ашылған мерекелік іс-шарада облыс әкімінің орынбасары Нұрмұбет Сақтағанов сөз алып, сала мамандарын ұлттық мерекемен құттықтап, үздік қызметкерлерді марапаттады. Мерекелік марапат табыстау рәсімін облыстық

денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов жалғады.

Салтанатты шарада Мәдениет саласының үздігі, әнші, сазгер Индира Елубаева «Туған жер», «Өмір уақыт» сияқты ән шашуын арнаса, облыстық филармония әншісі Бақытжан Найманов «Қазақстан», «Белеске» әндерімен ақ халаттыларды қуантты.

Денсаулық сақтау – маңызы зор салалардың бірі. Бүгінгі күнге дейінгі тоқтаусыз дамып келе жатқан медицина саласы биік шыңдарды

бағындырып үлгерді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар бұл саланың биікке өрлеуіне айқын жол ашты. Ауруханалар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталып, дәрігерлер біліктілігі мен тәжірибесі артты. Бұл орайда Сыр медицинасы республика көлемінде халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету бағытында көш бастап келеді.

«СБ» ақпарат

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ



күніне арналған «Егемендік декларациясы: Тәуелсіздік бастауы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сактаганов, отандық және шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың белгілі ғалымдары, профессор-оқытушылар, студенттер, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты. Облыс әкімінің орынбасары конференция жұмысына сәттілік тілеп, Республика күнімен құттықтады.

Баршаңызды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың атынан ұлттық мерекемен құттықтаймын. Бостандығымызға бастау болған Республика күні 2009 жылы мерекелер тізімінен алынып тасталғанын білеміз. Биыл ұлттық мереке болып қайта оралуда. Тарихқа шегініс жасамақ, 1990 жылы қазан айының 25 күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы қабылданды. Бұл декларация азаттыққа ұмтылған алғашқы бағыт қадам еді. Осы сәттен бастап, егемен еліміз өзіндік көзқарасы бар мемлекет ретінде таныла бастады. Нарықтық экономикаға негізделген демократиялық саяси жүйені құруға бағыт алды.

Декларацияда саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу принципі жарияланды. Алғаш

Егемендік туралы декларация қабылданған күн 2009 жылға дейін мемлекеттік мереке ретінде аталып өтілетін. Араға 13 жыл салып, бұл тарихи күн ұлттық мереке статусына ие болды. Еліміздің жер-жерінде мерекенің мәні мен маңызын айшықтайтын іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде өткен Республика күніне арналған «Егемендік декларациясы: Тәуелсіздік бастауы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.

рет Президент – Республиканың басшысы, ең жоғарғы әкімшілік атқарушы биліктің иесі ретінде айқындалды. Жер қойнауы, басқа да табиғи ресурстар, халықтық тарихи қазыналарымыз, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалықәлеуетреспублика егемендігінің негізін құрайтыны көрсетілді. Егемендіктен басталған қасиетті жолымыз тәуелсіздікке ұла-сып, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік туралы конституциялық заң қабылданды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылда-рында орын алған күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуалға бой алдырмай, жудырықтай жұмыла білдік. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, әлемнің іргелі мемлекеттерінің қатарына ендік деп айта аламыз. Жалпы саяси ортада, жаһандану дәуірінде ұлттық мемлекеттер өзін-өзі ерекшелігі жойып, олардың орын-ірі корпорациялар басады деген пікір қалыптасқан еді. Алайда ұлттық және азаматтық бірегейлік негізінде біріккен мемлекеттердің өміршеңдігіне ешқандай кедергі келтіре алмайтынын уақыт көрсетіп келеді. Себебі кез келген күйзеліс, дағдарыс ішкі бірігуге, тұтастануға жол ашады, – деді Нұрымбет Аманұлы.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Бұдан кейін мереке аясында облыс көлемінде бірқатар жаңа әлеуметтік нысандардың ашылып, ел игілігіне берілгенін айтты. Мәселен, «Автобус паркi» жанадан 150 дана автобуспен толықса, оқушылар тасымалдайтын 30 автобус табысталады. Меценаттардың қолдауымен Жанақорған ауданында заманауи демалыс паркi ашылса, Сырдарияда «Еңбекшілер аллеясы» бой көтерді.

Конференцияда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожаберліев «Тәуелсіздік – баянды тұғырымыз» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы мерекенің бір кездері тойланбай қалып, араға 13 жыл салып қайта келуінен ешқандай саяси астар іздеудің қажеттігі жоғын айтты. Декларацияда Қазақстанның болашақ дамуының негізгі бағыттары айқындалғанына баса назар аударды. Тарихи құжатта алғаш рет мемлекеттік құқықтық нормалар белгіленіп мысалға келтіріп, оның төрт пунктіне тоқталды.

Орта Азия елдерінің ішінде ең бірінші рет өзінің шекарасын, территориясын анықтап алған біздің ел. Соның нәтижесінде бізде көрші елдермен ешқандай кикілжің болған жоқ. Декларация – тәуелсіздіктің бастауы. Қазақ халқының болмысында айрықша орын алатын күн бар. Ол – тәуелсіздік ұғымы. Бұл жылдарда біз жоғалғанымызды түгендеп, мемлекеттімізді қалыптастырдық. Әлемдік қауымдастық мойындаған елдердің біріне айналдық. Қазақ – қай заманда қандай жағдайда болмасын өз

болмысының азаттығын, өз өмірінен артық қойған халық, – деді ғалым.

Тәуелсіздігімізді ең бірінші мойындаған Түркия мемлекеті болатын. Қазақ елінің бұл қуанышын алғашқылардың бірі болып баспасөз беттерінде жариялап, тілектестігін білдірген де Түрік бауырлар-тұғын. Конференция жұмысына Түркия Республикасының Кония қаласынан келген Селчук университетінің қауымдастырылған профессоры, ғылыми докторы Шағатай Бенхур баяндама жасады. Ол Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы туралы Түркияның мерзімді баслымдарында берілген мақалаларға шолу жасады.

Біз үшін Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы басты қадамы – Желтоқсан оқиғасы. Сол уақыттарда түрік баслымдары не жазды деп қарап шықтық. Түркияның алдыңғы қатарлы баслым тілшілері мен тарихшылары «Правда» газетінің Желтоқсан оқиғасын бұрмалап бергенін сынаған. 1990 жылғы 25 қазандағы егемендік туралы декларация жайлы да біздің баслымдар үздіксіз жазған. Мұнда ең маңызды бап – Қазақстанның байлығын ешкім рұқсатсыз пайдалана алмайтыны және Қазақстан жерінде ядролық қарудың сынамалары болмайтыны туралы айтылған. Қазақстан тәуелсіздігін ең бірінші болып мойындаған Түркия мемлекеті және оны біз қуанышпен қабылдадық әрі күттік, – дейді Шағатай Бенхур.

Ғалымдар басқосуында Германияның Тюбинген қаласынан онлайн байланысқа шыққан Эберхард және Карл атындағы Тюбинген университетінің профессоры, археология докторы Генрих Харке тәуелсіздік жылдарындағы Арал

өңірі археологиясының дамуы жайлы айтты. Ғалым ортағасырлық Жанкент қаласының орнындағы археологиялық қазба жұмыстары жайынан да хабарлар етті. Ежелгі шаһар туралы тың деректер әлі жетерлік. Алдағы уақытта бұл бағыттағы бірлескен жұмыстардың жалғасатынына тоқталды.

Мұнан соң Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдар докторы, профессор Наталья Калашникова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті тарих кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбақов баяндама жасады.

Іс-шара барысында ғылыми-инновация бағыты бойынша университеттің жетістіктері мен жобалары таныстырылды. Сондай-ақ, оқу орны және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері кітап көрмесіне қойылды.

Халықаралық конференция соңында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған эссе және диктант жазу байқауының жеңімпаздары марапатталды. «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе конкурсына университеттің 235 білім алушысы қатысып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еңбектерін ұсыған. Жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Ал «Атамекен» тақырыбында өткен университетішілік диктантқа жалпы саны 1210 білім алушы қатысты. Офортграфиялық заңдылықтарды сақтап, көркем жазумен ерекшеленген 20 студент үздік деп танылып, университет ректорының Алғыс хаты мен естелік сыйлықтарын иеленді.

Ел мұраты – егемендік

Егемендік туралы декларацияның қабылдану тарихына көз жүгіртсек, сол дәуірдің ізі, көтерілген мәселелерге орай пікірталастар, адамдардың көңіл-күйі парақтары сарғайған басылым беттерінде сайрап жатыр. Біздің «Сыр бойы» газетінің «Ленин жолы» деген атаумен шыққан соңғы кезеңі сол декларация қабылданған 1990 жылға сәйкес келеді. Сол жылғы қыркүйектің 18-дегі нөмірде Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация мәтіні жарияланып, жоба талқылауға ұсынылған.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

«Демократиялық өзгерістердің тағдыры мен бағыты, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуының перспективалары едәуір дәрежеде осы мәселелердің сарабал шешіміне байланысты. Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны талқылап қабылдау ерекше, тарихи орын алады» деп басталыпты Қазақ КСР Жоғарғы Советінің төрағасы Е.Асанбаевтың баяндамасы.

Декларация жобасын дайындауға білікті авторлар, заңгерлер, түрлі сала мамандары, ғалымдар тер төккен. Жұмыс барысында республика Үкіметінің, кейбір қоғамдық ұйымдардың ұсыныстары мұқият зерделенген. Жоғарғы Совет Президиумында, президенттік кеңестің кеңейтілген мәжілісінде екі рет егжей-тегжейлі талқыланған. Декларация жобасының негізгі мазмұны мемлекеттілікті сақтау, қорғау жөніндегі шараларды қамтумен ерекшеленді.

Е.Асанбаевтың баяндамасында осыншалықты ауқымды актінің қажеттігі неге байланысты туындап отырғанына жауап берілді. «Басқа одақтас республикалар сияқты Қазақ КСР-і – ССРО Конституциясына сәйкес егеменді социалистік мемлекет. Бірақ ол тек қағаз жүзінде ғана «мемлекет ішіндегі мемлекет». Шындық мынадай: қоғамның тіршілік қызметінің барлық салаларындағы шектен тыс орталықтандыру басқа одақтық республикалар сияқты Қазақ КСР-нің нақты егемендігінің формальді болып шығуына апарып соқтырды. Олардың тәуелсіздігі мен егемендігі барынша азайтылды» делінген онда. Сонымен қатар республикалардың ішкі және сыртқы саясатының барлық мәселелерін орталықтың тәптіштеуі кеселді практикаға айналғаны айтылған.

Декларация жобасының мазмұнын айқындаған өзекті сәттері қандай болды? Бұл сұрақтың да жауабын сол уақытта басылымдарда жарияланған мақалалардан табуға болады. Ең алдымен, бұл декларация – ел егемендігінің иесін, республиканың Одақпен және оның құрамындағы басқа мемлекеттік құрамалармен өзара қатынасын реттейтін ережелер.

Жобаға сәйкес Қазақ КСР-дегі мемлекеттік өкіметтің ішкі және сыртқы қарым-қатынаста басымдығы, дербестігі, толық билігі болады. Мұның өзі тәуелсіз ішкі және сыртқы саясатты жүргізуге, өкіметтің шектен тыс орталықтандырылуынан құтылуға, ведомстволық монополизмді жоюға, халықтың әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік береді. Егемендік тиімді құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етілген

соң, мемлекеттілікке қарсы кез келген зорлық-зомбылық әрекет кімнен шықса да заң бойынша қудаланатыны көрсетілген.

Осы құжатты дайындаған авторлардың бірі Сұлтан Сартаев басылым тілшісі Әділхан Бәйменовке берген сұхбатында:

– Одаққа енетін барлық республикалар өздерінің егемендігі туралы декларация қабылдады. Негізгі тұжырымдарға келер болсақ, біздің егеменді республикамыз Қазақ КСР-і Одаққа ене отырып, республиканың саяси егемендігі, экономикалық егемендігі, әлеуметтік-мәдени салаларда да егеменді болуы керек. Егеменді мемлекет болғаннан кейін жеріне де ие болуы тиіс. Біз қазір декларацияда жердің, судың, жер қойнауы байлығының, өсімдіктің, жан-жануарлар дүниесінің бірден-бір иесі республика деп келісіп отырмыз, – дейді.

Декларация жобасы басылым бетінде қызу талқыланған. «Аумағына бес Франция сыйып кететін ұлан-байтақ республикамыздың егеменді болуы қай қырынан аласақ та, орынды деп білемін», «Декларация республика халқын томаға-тұйықтықтан праволық қоғамдастыққа алып шығатын, саяси бағдарымыздың негізгі құжаты болуы тиіс. Біз қиындықты, правосыздықты, әділетсіздікті, қиянатты аз көрген жоқпыз. Ендігі тілегіміз – соның бәрін ұрпағымыз аман болса екен» дейді сол жылдардағы оқырмандар.

«Еңсөңді көтермей, егемен болмайсың» атты «дөңгелек үстелге» қатысқандардың ой-орамдарына мемлекеттік тіл мен жер туралы теріс пікірлердің сол тұста тым өрістеп кеткені негіз болған.

«Ленин жолының» 27 қазандағы нөмірінде Қазақ КСР Жоғарғы Советінің мәжілісі туралы ақпарат жарияланып, онда «Қазақ КСР Жоғарғы Советінің қазанның 25-дегі тәуелсіздік мәжілісінде Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жобасын жетілдіру жөніндегі комиссия атынан оның төрағасы С.З.Зиманов сөз сөйледі. Жоғарғы Советтің кешкі мәжілісінде декларация жобасы статырлап бойынша талқыланды. Оның әрбір статьясы жеке-жеке дауыс беру арқылы қабылданды. Жоғарғы Совет Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны толығымен қабылдады. Қазақ КСР президенті Н.Ә.Назарбаев пен республика Жоғарғы Советінің төрағасы Е.М.Асанбаев депутаттарды, мәжіліске қатысушыларды Советтік Қазақстан тарихындағы айтулы



оқиғамен құттықтады» делінген. Қысқа гана хабар 1990 жылдың 25 қазаны қазақ тарихындағы ерекше күн екенін осылайша хабар беріп тұр.

Осыдан кейінгі 30 қазан күні нөмірдің бірінші бетіне әдеттегіден ерекше дизайнмен, ірі қаріптермен декларация мәтіні жарияланыпты. Декларация «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып, Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп санай отырып, Жалпыға бірдей адам праволары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу правосын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық праволық мемлекетті құруға бел байлауды негізге ала отырып, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы Декларацияны қабылдайды» деп басталады.

Осылайша облыстық басылым оқырмандары декларациядан егемен мемлекетінің қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту аса маңызды міндеттерінің бірі екенін оқып

ЕЛДІККЕ ТҰҒЫР БОЛҒАН ҚҰЖАТ

Әлемдегі кез келген халықтың ортақ ойы, арманы – бостандық, тәуелсіздік. XIX ғасырда патшалық Ресей империясынан жерімізді азат ететін деп Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқоса батырлар, XX ғасырда Бекболат Әшекеев, Әбдіғалпар Жанбосын, Амангелді Иманов сияқты батырлар халық көтерілістерін бастады. Олар тәуелсіздік жолында көзсіз ерлік көрсетті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Шоқан, Ыбырай, Абай халықты озық елдер қатарынан қалыптауға, білімді болуға шақырса, XX ғасырдың бірінші ширегінде Әліхан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев сияқты асылдар ұлт санасын оятты. Ансаған азаматтығымызды Кеңес үкіметі кезінде де ала алмадық. Апаршылық, Ұлы Отан соғысында көп қырылған ұлттардың бірі қазақ еді.

Тәуелсіздік дабыландай болып, кеңестік жүйені дүр сілкіндіріп, халықтың санасын оятқан Желтоқсан оқиғасы болды. Осыдан кейін көп ұзамай елімізде тәуелсіздік салтанат құрды. Қазақстан Республикасы 1990 жылы 25 қазанда өзіннің мемлекеттік егемендігін жариялады. Мемлекеттің атауы 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. 1991 жылы 16 желтоқсанда заңды түрде тәуелсіздігіміз жарияланды. Осыдан бастап құқықтық қоғам құруға кірістік. Әлемдік қауымдастыққа, соның ішінде БҰҰ-ға мүше болдық. Елтанбамыз, Туымыз бекітіліп, Әнұранымыз қабылданды. Қазақ халқы өз Президентін сайлап, әлем елдерімен теңесті. Ұлттық валюта – теңге қолданысқа енді, Ата Заң қабылданды.

Елімізде көптеген өзгерістер болуда. Жаңа мектептер салынып, оқу орындары ашылып жатыр. Білімді жастар білім гранттарымен, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқуға мүмкіндік алды. Бұл жастардың жарқын өмірге деген сенімін жетілдіргендей. Осының барлығы тәуелсіздік ел болудың жемісі деп білемін.

Ал араға уақыт салып, 25 қазан – Республика күні ретінде қайта бекітілді. Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесі берілуде де – біз үшін үлкен қуаныш! Алғаш рет дәл осы күні біз өзімізді республика ретінде әлемге таныта бастадық. Тәуелсіздік алуымызға дәл осы күні күшіне енген декларация себеп болғанын естен шығармауымыз маңызды.

Берік НҰРМУРАТОВ, Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мәртебесі асқақтаған мереке

Осыдан 32 жыл бұрын 1990 жылғы 25 қазанда еліміз үшін айтулы оқиға болды. Осы күні Жоғарғы Кеңес Егемендік туралы декларацияны қабылдап, тәуелсіз Қазақстан жолындағы алғашқы қадамдардың бірі жасалды. Тарихи құжат қазіргі Қазақстанның қалыптасуына ерекше әсер етті. Егемендік оңай жолмен келген жоқ. Қаншама тер төгілді, батыл шешімдер қабылданды. Бұл – біздің тарихымыз, өсіп-өркендеу жолымыз. Сондықтан мерекеге ұлттық мәртебе беріп, Республика деңгейінде атап өту заңдылық деп есептеймін.

Бұл күн – Тәуелсіздіктің бастауы. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы негізгі жетістіктері, тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға бағытталған батыл қадамдарының жылнамасы осы күннен басталады. 90-жылдары Балтық жағалауы елдерінен басталған тәуелсіздік декларацияларының шеруін біздің ел де жалғастырып, сол кездегі Жоғарғы кеңес депутаттарының қолдауымен Қазақстан өзінің декларациясын жариялады. Тәуелсіздіктің алғашқы нышандарын көрсетті, яғни, біздің заң шығарушы, сот, атқарушы билік деп айқындалып, социалистік қоғамдағы болған түрлі ұғымдар алынып тасталып, еліміздің жаңа саяси жүйесі қалыптасты.

Еліміздің әр азаматы Республика күні мерекесінің қалай қалыптасқанын ұмытқан жоқ. Бұл – жай ғана мереке емес, халқымыздың ғасырлар бойғы күресінің нәтижесі. Мұның бәрі – халықтың бірлігі, жарқын болашақ деген ортақ сенімнің арқасы. Сондықтан әлем картасында Қазақстан Республикасының қалай пайда болғанын келер ұрпақ ұмытпауы керек. Бұл мереке – жаңа Қазақстанды құрудың, елімізді жаң-

ғырту мен дамытудың маңызды бөлігі.

1991 жылы егемендік еншісіне тигеннен кейін елімізде әрбір эконома, білім, ауыл шаруашылығы, тағысын тағылар. Қазір айтуға оңай, ал сол кезде шұғыл шешімдер қабылданды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ең маңызды міндеттердің бірі жүйелік экономикалық реформалар жасау еді. Жетпіс жыл бойы жоспарлы экономикамен өмір сүріп келген елді бірден нарықтық жүйеге көшіру, әрине, мүмкін емес. Сондықтан күрделі реформаларды жүргізу бірнеше кезеңге созылды.

Алғашқы 1991-1993 жылдардың аралығында елде бұрын-соңды болмаған инфляция тіркелді. Азық-түлік бағасы аспандап кетті. Мен Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қызылорда қаласының әкімдігінде қызмет істедім. Сол кезде ұлттық валюта жоқ бола тұра, экономикалық қарым-қатынастарды өзгертуге тура келді. Елде ақша жоқ, қала халқы азық-түлікпен қамтамасыз етудің өзі – үлкен мәселе. Бізден бұрын өз валютасын шығарып үлгерген бұрынғы Кеңес Одағынан бөлі-

ніп шыққан елдерден келіп, ескі ақшаға толтырып зат алып кетіп жатқандар да кездесті. Дүкендерде тауар тапшылығы орын алып, бір қолға берілетін азық-түлік пен киім, басқа да қажет тауарлар санын шектеуге, арнайы карталар енгізуге мәжбүр болдық.

1993 жылы ұлттық валютаның айналымға шыққан соң, қалада теңгені ауыстыратын комиссия төрағасы болдым. Дәл осы кезде еліміздің өзіндік макроэкономикалық саясатының бет-бедері қалыптасып, алғашқы жылдар қиындығы біртіндеп еңсеріле бастады. Мемлекет тұңғыш рет қаржылық жағдайды тұрақтандыру бағытында оң нәтижелерге қол жеткізді. Төл валютамыз – теңге де тұрақталуға бет бұрды. 1993 жылы 1 доллар бағамы 4,7 теңге болды.

1995 жылдың желтоқсанында Парламент сайлауы өтті. Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданы атынан сайлауға түсіп, бірінші қос палаталы Парламентке Мәжіліс депутаты болып сайландым. Осы кезеңде Сыр өңірінің экономикасы өте қиын жағдайда еді. Қызылорда облысы жағдайын дұрыстау үшін Үкімет қаулысымен арнайы экономикалық аймақ енгізілді. Депутаттық қызмет барысында сол арнайы экономикалық аймақтың 1999 жылға дейін сақталуына жұмыс жасалды.

Тәуелсіздік алу – ел дамуының бастапқы кезеңі ғана. Жаңа ғасырға аяқ басқан тұста да аймағымызда күрмеуі қиын мәселелер көп еді. Қазіргідей бюджеттен миллиардтарған қаржы бөлінбейтін кез. Көптеген мәселелердің шешім табуына бюджет тапшылығы аяққа тұсау болды. Бір ғана мысал келтірейін, 2000 жылы облыс әкімінің орынбасары қызметін атқардым.

Сол кезде қаржы тапшылығынан Қызылорда қаласында үш көшені жөндеу үлкен мәселе болды. Қала басшылығындағы азаматтарға жоқтан бар жасауға тура келді. Бұл – Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы көрініс. Сол кезеңде қуаныш та, қиыншылық та болды. Бірақ, халық пен мемлекет бірігіп, барлығына төтеп берді. Еліміздің қуаттылығы да осында.

Бүгінде еліміз әлем назарын өзіне аударып, сындарлы кезеңге аяқ басты, нақты шешімдер қабылданып, елдегі тұрақтылық қамтамасыз етілді. Соның ішінде өңіріміз де өрісті өркендеп келеді. Білім, мәдениет, спорт, өндіріс, кәсіпкерлікте айтарлықтай даму бар. Біздің ендігі мақсат – осы қарқынды дамуды жалғастыру. Біз осындай күрделі кезеңде бастамаларды қолдап, бірлік, ынтымақ, сенімді диалог ұғымдары аясында топтасуымыз қажет. Өйткені, елдің бірлігінен асқан құндылық жоқ.

Елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыруға, әділетті қоғамды одан әрі қалыптастыру мен қоғамдық келісімді, бірлікті нығайтуға бағытталған. Республика күнінің жаңа мәртебеде қайта жаңғырғанына қуаныштымын. Мереке он үш жылдан кейін қайтарылып отыр. Өзіміз осындай күндерді атап өтіп, маңыздылығын насихаттамақ, келер ұрпақ тарихымызды ұмытпай қалуы да мүмкін. Республика күні баршамызға ерекше рух беріп, барлығымызды біріктіретін күн болары анық.

Шахизат ТӨРЕБАЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері



Тәуелсіздік бастауы: барысы мен тағылымы

Биыл Қазақстан халқы Қазақстанның Егемендік декларациясы қабылданған күнін атап өткелі отыр. Декларация сөзінің заңдық мағынасы ресми құжаттарда «Заңдық мәні бар мәліметтерді хабарлайтын ресми құжат» деп беріледі. Алғашқы Тәуелсіздік декларациясы АҚШ-та тәуелсіздік үшін соғыс кезінде 1776 жылы 4 шілдеде Филадельфияда өткен II Құрлықтық конгресте қабылданған.

Тәуелсіздік декларациясының негізіне республикалық және демократиялық рухта жасалған Томас Джефферсонның жобасы алынды. Онда 13 британ отарының метрополиядан бөлініп, дербес, тәуелсіз мемлекет – Америка Құрама Штаттарының құрылғаны жарияланды. Тәуелсіздік декларациясы адамдардың заң алдындағы теңдігін, олардың өмір сүруге деген табиғи құқығын, бостандығын мен бақытқа ұмтылуын жариялады. Кейіннен Тәуелсіздік декларациясының қабылданған күні Америка халқының ұлттық мейрамына айналды.

Көптеген ел өз егемендігін тек XX ғасырдың соңында алды. Олардың қатарында Қазақстан да бар. Тарихы ежелгі заманнан бастау алатын, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы ерте заманнан бері өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, салықалы салтын сақтап қалғаны – еркіндіксіздіктің жігерінің, асқақ рухының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасы.

Қазақ елінің еркіндігі, тәуелсіздігі үшін тарихта ерекше орын алған көптеген көтерілістер болды. Олар – Сырым Датұлы, Кеңесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер. Сонау ақтан батырлар, алқакөл сұлама заманынан бастап, 1930-1933 жылдардағы аштық, ел тізгінін ұстаған азаматтардан айырылған XX ғасырдың 30 жылдарындағы қуғын-сүргін, халқымыздың осынау кен далада өмір сүруін, тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупін тудырды.

Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Баймұрат, Сартай, Жанқожа батырлар, XX ғасырда Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар туған елін қорғауда ерлігімен танымал болып, ел құрметіне бөленді. Тәуелсіздік үшін ақ білектін күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының тарихына айналды. Бас көтеру кеңестік тоталитарлық режимнің күшімен басылса да, жанымызға нұр

септі. Қазақ рухының өшпегенін, бабалар өсиетінің жастар бойында сақталғанын көрсетті.

Қазақ халқының ғасырлар бойы күткен арманы Тәуелсіздігі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданған 1990 жылдың 25 қазаны күні жүзеге аса бастады. Еңсемізді тіктеп егемен ел, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да, тастай берік төзімділіктің арқасында күллі әлемге өзінің бар екенін, өркеніне деген үмітін мойындатты. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған, әлемде 9-орынды алып жатқан атамекен жеріміз, тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақ халқы рухының күштілігімен сақталды.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктеріміз, қазақ халқының егемен заманда жанаша дамуы, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземізді теңестіруге қадамдарымыз, дәулетті елдермен қарым-қатынас жасаудағы жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – Қазақстан Республикасының егемендігіне.

Тарих толығында талайды бастан кешірген Қазақ елі 32 жыл бұрын өз егемендігін алған тұста көптеген шетел саясаткерлері «КСРО-ның шекаралық аймақтарында азамат соғысы болады» деп айтқан еді. Бейбітшілік, келісім, тұрақтылық жағдайын ұстанған Қазақстан бұрынғы КСРО кеңестігіндегі, әлемдегі жетекші елдердің қатарына қосылып келеді.

Бүгінде Қазақстан – әлемдік қоғамдастыққа жауапты да құрметті әріптес. Орталық Азияда шешуші дауысы бар ел. Әлемдік деңгейде өте-тең көптеген игі іс-шаралардың платформасы.

Кейінгі кездегі батыл қадамдар ел арасында қолдау тауып, болашағымыздың жарқын екеніне сенім ұялатады. Лайым Қазақстанның алға басқан қадамдары мемлекетіміздің өркендеуіне, халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына әкелсін.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік жарияланған күн – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәнірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Ұлттық мерекеде Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен ел ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз желбірей берсін деп тілеймін

Айтжан ОРАЗБАҚОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Егемендік ұғымы – кез келген мемлекеттің жалпы сипаттамалық белгілерінің көрсеткіші. Ғылыми терминологияда ұлттық және халықтық егемендік түсінігі де бар. Демек, мемлекеттік құрылымның қалыптасуында ұлттың немесе халықтың үстемдігі болуы тиіс. Ал қазіргі саяси ғылымдарда тұлға немесе азамат егемендігі деген термин де кең қолданысқа ие.

Ұлттық мерекенің маңызы

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Еуразиялық кеңістікте КСРО-ның ыдырауы қарсаңы мен салдарынан жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болуымен қатар, жаңа геосаяси жағдай қалыптасты. Ғалымдар бұл алып державаның құлауын мынадай себептермен байланыстырады: елді демократияландыру себептерімен ұлттардың жеке мемлекет болып бөлінуін қалауы, жүйенің құлауына әкелген КСРО саяси жүйесінің кемшіліктері, стагнацияға әкелген өндіріс, сауда және экономикалық қатынастардағы тоқырау мен дағдарыстар, көпұлтты мемлекеттерде кездесетін орталықтанған тенденциялар, КСРО-ның құлауына батыс елдерінің мүдделілігі.

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін 1990 жылдың 25 қазаны – ерекше күн. Бұл күн – еліміздің саяси тарихындағы ескі кезеңнің аяқталуы мен дамуың жаңа парақтарының бастауы. Қазақстан тарихындағы өзгеріс туындатқан кезең. Мемлекетіміздің негізін қалаған бірінші заңнамалық құжат Егемендік туралы декларация болды. Осы құқықтық, саяси және идеологиялық құжат қоғамның негізгі қағидаларын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, саяси плюрализм мен билік бөлінісінің көрсеткіші еді. Бұл іргелі ережелер болашақ Конституцияның негізі болды.

Уақыттың кезеңділігі, әсіресе мерекелер жүйесі идеология мен саяси тәжірибенің негізінде жатыр.

Жалпыұлттық мереке – тарих пен құрылымның, өткеннің сабақтастығы және бүгінгінің легитимдігі тоғысатын жер. Мерекелер қоғам мүшелері өздері үшін маңызды оқиғаларды, әрине, үстем идеологияның призмасы арқылы сезінуді жүзеге асырады.

Ұлттық мереке туралы ғалымдар арасында көптеген пікірлер қалыптасқан. Мәселен, кейбір ғалымдар «еске алудың институтталған күндері» десе, екіншілері «мерекелер біздің әлеуметтік ортамыз есте сақтаған құбылыстарға ғана емес, оны еске түсірген кезде отансүйгіштікке ықпал ететінін» айтады. Сондықтан ұлттық мереке ұжымдық жалдыны қолдайды және бұқараны жұмылдырудың құралы деп ойлаймыз.

Ұлттық мереке ұжымдық жады құбылысымен, әлеуметтік рәсімдермен, белгілермен және қоғамның билік құрылымдарымен тығыз байланысты. Оның саяси астары да бар. Күнтізбенің кез келген күнінде атаулы даталар бар екенін ескерсек, әлеуметтік билік қатынастары әрқашан уақыт тізбегінде деуге болады.

Үстем идеология мен саяси тәртіптегі әрбір өзгеріс жаңа мерекелік қатар шетелдердегі қандастарымыз да қуана қарсы алды.

Бұл тарихи құжат ұлттымыздың шынайы тәуелсіздікті сезініп, намыс пен өрлікке бағытталған рухымызды көтеруге себеп болды.

Осы кезеңде Қазақ КСР жеке ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер ұйымдарын дербес құру құқығына ие болдық. Декларацияның нәтижесінде ел аумағындағы қолданылатын КСРО заңдарын тоқтатып, жеке өзіміздің заңдарымызды қабылдай бастадық. Осы шаралардың ықпалымен 1991 жылы 16

Республика күнін өткеннің символдық белгілеуінің түрлерімен байланыстырып, маңызын жоғарылау керек. Екіншіден, сол кезеңдерге қатысты түрлі іс-шаралар немесе оқиғаларға байланысты кездесулер, еске түсіретін түрткі оқиғаларды назарға алу қажет. Ұжымдық және жеке естеліктерді қамтитын, материалдық емес құбылыстарға тереңірек мән беру де қажет секілді.

Еліміз егемендік пен тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік құрылымы қалыптастыру жолында, егемендікті бекітуде, саяси тұрақтылықты нығайту барысында күрделі үдерістерден өтті. Өз кезегінде бұл республикамыздағы саяси жүйені демократияландыру үдерісін жалғастырып, әлеуметтік-экономикалық реформаларға қажетті шарттар жасалды. Сондықтан қоғамымыздағы бейбіт өмір мен қоғамдық келісім барлық қазақстандықтардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесі деп толық сеніммен айтуымызға болады.

Бірнеше жылдан кейін Республика күнінің қайта мерекеленуін саяси жүйенің түбегейлі өзгерісі ретінде қараған жөн.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры

Ардақ тұтатын айрықша күн

Әлемдегі барлық елдер азаттыққа қол жеткізген тарихи күндерін ардақ тұтып, өзге мерекелерден ерекше қастерлейтін баршамызға аян. Себебі, әрбір адамзат баласы бостандықта, емін-еркін өмір сүруге құқылы.

Біздің еліміздің тарихында Мемлекеттік егемендік туралы декларация Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен 1990 жылғы 25 қазанда қабылданғаны белгілі. Бұл маңызды шешім Қазақстанның КСРО құрамында болса да, дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде саяси-құқықтық базасын қалауға дәнекер болды.

Дәл сол уақыттан бастап, алғаш рет ел аумағының тұтастығы, Қазақ-

стан халықтарының бірлігін нығайту мен әлеуметтік-мәдени дамытудағы шараларды өз қолымызға ала бастадық.

Қаншама ғасырлар бойы азаттық жолында өмірлерін сарп еткен батыр бабаларымыздың арман-тілектерін қабыл еткен егемендікті өз халқымызмен қатар шетелдердегі қандастарымыз да қуана қарсы алды.

Бұл тарихи құжат ұлттымыздың шынайы тәуелсіздікті сезініп, намыс пен өрлікке бағытталған рухымызды көтеруге себеп болды.

Осы кезеңде Қазақ КСР жеке ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер ұйымдарын дербес құру құқығына ие болдық. Декларацияның нәтижесінде ел аумағындағы қолданылатын КСРО заңдарын тоқтатып, жеке өзіміздің заңдарымызды қабылдай бастадық. Осы шаралардың ықпалымен 1991 жылы 16

желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылдай алдық. Егемендік декларациясының қабылдануы еліміздің жаңа замандағы жеке, дербес мемлекет құру символы деп санауға болады.

25 қазанының Республика күні ретінде жарияланып, ұлттық мереке қатарына қосылуы барша қазақстандықтардың тілегін ескеріп, мәртебесін көтерумен қатар, олардың жаңа қоғам құру жолындағы саяси реформаларды қолдауына сенім тұғызғары анық.

Ербол ӘБЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті, саясаттану ғылымдарының кандидаты

ЕРТЕҢ – КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

Биыл елімізде бірінші рет «Кітапханашылар күні» кәсіби мерекесі бекітілді. Бұл мереке қазанның 24-не белгіленген. Біз ұзақ жыл кітапханашы болған Бибігүл Көптілеуованың еңбек жолы туралы төл мерекесінде айтуды жөн санадық.



Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

ЖАН БАЙЛЫҒЫНЫҢ БАҒБАНЫ

Тағдырдан төре, жазмыштан үстем бар ма? Өмір деген өктем күш адам баласын қалаған қалыбына илеп, тандаған ағызына салатыны белгілі. Болмысқа берік, максатқа адал болмасаң, өзіңді жоғалтуың да қас қағым. Тек таймас табандылық пен жалынды ерік-жігері бар адам ғана өмір-бәйгеде жеңіске жетпек. Саналы ғұмырын кітапханаға арнап, жан байлығының бағбанына айналған Бибігүл Көптілеуованың тағдыр жолы да сан қилы соқпақтан құралып, өз даңғылына түскен.

Балалық шағы аласпыран соғыстан кейінгі кезеңге тап келген Бибігүл Көптілеуова 1947 жылы Қазалыдағы Абай ауылында дүниеге келіп, Жұбан деген жерде өскен. Соғыстан кейінгі буынның қайсысы бейнеттен ада, тауқыметтен кем болды дейсіз? Жетінші сыныпқа дейін білім алған ол анасына жәрдем қылу амалымен оқуын аяқсыз қалдыруға мәжбүр болған. Өпкесі тұрмыста, сіңлісі мектепте. Ата-анаға қолғабыс қылар адамның қолайлы болмаған соң бар жүк өзінің мойнына түсті. Небәрі он төрт жасында үй-жайдың шаруасын шірк үйіріп, ауылдағы шағын балық зауытына жұмысқа орналасқан. Тірлік қиын, тапсырма жетерлік. Ердей еңбек етпесең, істің өнбейтін шағы. Бибігүл де бала қолымен тауқыметтің ауырын көтеріп, күн-түн қатардан қалмауға тырысқан.

1965 жылы Жұбан учаскесінде малшыларға арналған кітапхана ашу қолға алынып, осы жұмысқа маман іздей бастаған. Ол кезде жастардың көбі оқуда. Шалғайдағы шағын ыстыққа кім келе қойсын?! Сонда елхалықтың есебі бойынша ең қолайлы үміткер Бибігүл болған көрінеді. Бар ынтасы кітап оқуға ауған қыздың қалауы да сол еді. Осылайша, өрмдей он сегіз жастағы Бибігүл ауыл кітапханашысы атанды.

Ол өмірін өзгерте кызметті жан-тәнімен жақсы көрді. Салмағын саралап, маңызды бір адамдай білді. Арада сан жылдар өтсе де, алғашқы кітап қоры әлі есінде. Кітапханаға берілген 260 кітапты әрлі-бәрі төңкеріп, күнде сүйсіне оқуды әдетке айналдырғанын да сағына еске алады. Тіпті үйдің бос бөлмесін әзірлеп, кітапханын үйінен ашуға талаптанады. Қажетті жиһаздар мен жабдықтарды таңдап, кітапхана жасақтау барысына барынша ықыласпен кіріседі.

Жас маман шалғай қоныстанған ауылдарды аралауды күнделікті жұмысқа айналдырады. Қолда жана газет, кітаптар. Әр сапарында оқырманның іздегін алып баруға, сұрағанын табуға талпыну – қалыпты тірілік. Әріп танымайтын қарт кісілерге кітапты оқып беруге де ерінбейді. Алғыр қыздың білімге ынтасы мен оқуға құштарлығы алыстағы ағайынның да көңіліне сәулесі түсіре керек. Көбінің кітапқа құмарлығы арта бастаған. Жас кітапханашы келген сайын кітап, газетті алып қалып, алғысын жаудыруды әдетке айналдырған. Оқырманға жақын болу үшін ауылда өтетін науқан мен көпшілік жұмысқа белсене араласып, шаруа адамына жақын есті. Қауырт тірліктен бөлек, қабырға газетін шығаруға жәрдемдесу, газетке шыққан жаңалықтарды дауыстан оқып беру жас кітапханашының еншісінде.

Көшпелі кітапханада табан аудармай бес жыл еңбек еткен ол 1970 жылдары Абай ауылының кітапханасына ауысты. Мұндай шешімнің себебі де жоқ емес. Қарт анасының халықтың ортасында болайық деген қалауын жықпай, Жұбан учаскесінен Абай ауылына қоныстанған. Арасында қала аралап, білім жетілдіруді де қаперден шығармапты. Абай ауылына қоныстанған соң да мал асырап, жемісетті тірлікке кіріседі. Малдың қыстық жай-шөбін дайындау, қора-қопсының жайы секілді ер адам атқарар тірлік нәзік қыздың мойнына жүктелген. Әсілінде, қажыр-қайраты мол болмаса, бұл сынаққа екінші бірі шыда бермесі анық. Ал Бибігүл апа айналаға шаршап-шалдыққанын білдірмей, сабырмен бәрін еңсере білді. Осы орайда кейіпкерімнің табандылығын, алға ұмтылуға деген ерік-

жігерін дөп басатын өзіміз естіген бір оқиғаны баян етейік.

Қыс мезгілі. Қалаға бармаса жұмысы бітпейтін қысылтанып шақ. Қарбалас күннің бірінде таңертең қалаға ертерек жеткенмен, шаруалармен айналып, күннің қалай батқанын аңғармай қалған сынайлы. Түнделетін ауыл тұсын бетке алып жалғыз өзі жаяу жолға шығады. Жан-жағы тас қаранғы. Жол жиегіндегі тастарға сүріне-қабана әзер басып келеді. Түн жарымында біршама шақырымды өткерген сәтте жолай жүк көлігі кезіп, ауылға дейін жеткізуге келіскен. Ашы судан ұрттамаса, жұмыс өнбейтіндей көрінетін кезең емес пе? Жүргізушінің әлпетінен үрейленген Бибігүл дария бойына жақындағанда көліктен түсіп қалады. Дарияда мұз болғанымен, көзге түртсе көргісіз түңкете қай жері мұз, қай жері су екенін аңдап болмайсың. Қайсар мінезін таңбайтын ол кері қайтуға арланып, дарияны кесіп өтуге шешім қабылдайды. Мұз бетінде еңбектей жүріп, Жаратқанға жалбарынумен болыпты. Әзер дегенде ары бетке өтеді. Жол машақаты мұнымен бітпей, ауылға дейін ұлыған қорқаулар қаптаған төбемен жүруге мәжбүр болған. Міне, көзсіз ерлік мен тартынбас табандылықтың үлгісі!

Осылайша бір жыл жұмыс істеген кітапханашы жиырма төрт жасында тұрмысқа шығады. Шаңырақ көтеріп, туған үйден кетсе де қолдан келгенше қарт анаға қарайласуды ұмытпайды. Әке-шешенің үйіне жақын орналасып, анасы мен сіңлісіне болысуға барын салады. Өмірлік жары да еңбектің қадірін, отбасының өнегесін сезінгендіктен, зайыбының алаңын сөйлетуе тырысқан. Қолдауға зәру шакта қорған болып, көмек керек кезде қол ұшын соза білді. Екеуара ұғысудың нәтижесі болар, бүгінде Көптілеуовтер отбасы үлгілі шаңыраққа айналған. Отасы екеуі дүниеге үш перзент әкеліп, тәрбиелеп, он екі немере сүйген ардақты ата-анаға айналды.

Әке-шешеден көрген өнеге адамға өмір бойы жол көрсетеді. Бибігүл апаның балаларының бәрі кітапқұмар. Бала кездерінен кітап жастауын қалыптастырғанды айналған. Тіпті анасы түскі үзіліске келгенде кітапхана кілтін алып, сағаттап кітап оқиды. Әсіресе, кенжесінің ертегіге ауес болғаны сонша, шығармадағы Қыранқаракшы есімін өз атындай жақын тұтқан көрінеді. Мұндай зиянсыз бұзықтық білімге ынталы азаматтардың қалыптасуына түрткі болғаны аян. Бүгінде Бибігүл апа перзенттерінің ойы ұшықар, қабілетті қарымды. Немерелері де ата-ана жолын қуып, кітапты жанына серік етуді үйренген.

Бибігүл апа 2000 жылы ғана құрметті еңбек демалысына шығып, кәсіби жұмысын тоқтатты. Алайда, оның қоғам дамуына қосар үлесі бүгінге дейін жалғасуда. Зейнетке шыққаннан бастап «Өнегелі әжелер» ансамблінде өнер көрсетсе, әр жылдары аудандық мәслихатқа депутат болып сайланды, түрлі медальмен марапатталды. Бірнеше рет аймақ басшысының Алғыс хатын алып, мерейлі мерекелерде мәртебе төрінен көрінді.

Әрине, күйбең тірлік болмысын бұзбаған жан – нағыз бағыр. Олардың қатарында Бибігүл апа да бар. Ол кітапқа деген құмарлықты тіршілік қамына айырбастамай, ынтасын сол күйі сақтады. Қазір кітап оқуды үзбей, жана шығарма оқуға құлшынады. Оған мүмкіндік те, уақыт та мол. Үйдегі кілт сөресілік толы. Ішінде Батыс ақын-жазушыларының еңбектерінен бастап, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары сәмсап тұр. Әсіресе, Бибігүл апаның діни кітаптарға деген қызығушылығы зор. Мұның барлығы көкірегі аяқ кені болған жанға адами қалыпты тану, келісті сөз айту тұрғысында көмек берері сөзсіз.

Бүгінде жан-жағына мейірім шуағын шашқан Бибігүл апа жақсы қартаюдың үлгісін көрсетуде. Сөз басында кейіпкерімді жан байлығының бағбанына тенеуіміз тегін емес. Себебі, оқуға құштар жан ғана өзгенің жол табуы мен білім алуына алғаусыз септесе алады.

БІЛІМ ЖӘНЕ БИЗНЕС Ол қандай миллион?

Кәсіп ашуға өркімнің де таласы бар. Ол әсіресе, қазіргі нарық заманында өте өзекті. Осы жолда талпынып, тырысып, тырмысып, небір қиындықтарды жеңіп, жақсы нәтижеге қол жеткізіп жатқандар аз емес. Бірақ, «Кім бай болам демеиді, құдайы қаламайды, Кім би болам демеиді, халқы қаламайды» демекші, кәсіп ашамын деп сәтсіздікке ұшырап жатқандар тіпті көп. Бұл жерде оның түрлі себептері бар екені анық. Соның бірі – бизнесті бастау қадамындағы болатын қателіктерге ұрыну. Сондықтан ондай қателіктерге ұрынбас үшін кәсібин ашамын деп ниет еткен жандар арнаулы білім беретін орталықтар көмегіне жүгінгені дұрыс.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 2017 жылы құрылған Кәсіпкерлік орталығы тек білім жетілдірумен шектеліп қалған емес. Оның ауқымы өте зор. Сол жылдары «Білім және ғылым» заңына өзгерістер енгізіліп, еліміздегі әрбір университет қабырғасында технопарк, бизнес-инкубатор, жобалық офистер ашылу керек деген тапсырма болды. Сонымен қатар «Кәсіпкерлік» заңына да өзгерістер енгізіліп, осы ашылған бизнес-инкубаторлар бір бөлек кәсіпкерлікті дамыту субъектілері ретінде танылған болатын. Бүгінде сол кезде ашылған бизнес-инкубаторлардың біразы жабылып қалған. Ал Қызылорда қаласында ашылған орталық республикадағы жоғары оқу орындарында жұмыс істеп тұрғандарының арасында үздіктер қатарынан табылып келеді. Оған бірінші себеп университет басшылығының әрдайым он көзқарас танытуы болса, екіншіден, осы орталық жетекшісі Жанарыс Түбекбаевтың құлшынысқа толы еңбегі деп айтуға болады.

Оның жетекшілігімен орталық облыстағы кәсіпкерлік, IT инновация салаларындағы бой түзеп келе жатқан студенттерді кәсібин ашуға, жобаларын дамытуға мүмкіндік жасаумен айналысып келеді. Оларға сан алуан түрлі қызметтер көрсетіледі. Алғашқысы – кеңес беру, сабақ беру, кәсіп саласындағы білімін жетілдіру, арнайы іс-шаралар ұйымдастыру. Жүйелі түрде өтетін бағдарламалар, бір реттік іс-шаралар, тренингтер бар.

– Солардың арқасында кәсіпке бет бұрған жастардың дағдыларын дамытамыз. Содан кейін қаржы алуға мүмкіндік жасауға тырысамыз. Біздің басқа орталықтардан айырмашылығымыз, бизнес-инкубатор болғаннан кейін идеямен келген жастарды барлығымен толықтай қамтуға тырысамыз. Білім, ғимарат, қаражат өзімізден, болмаса серіктестерден немесе инвесторлардан болатын қаржы жағынан көмектесеміз, – дейді Ж.Түбекбаев.

Жанарыс жастайынан бизнеске бейім болды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Экономика және ақпараттық технологиялар» факультетіне оқуға түсті. Студент болып жүріп, өзінің оқу ақысын төлеу үшін түрлі қызмет көрсету салаларында еңбек етуіне тура келді. Сөйтіп жүріп, фотография саласына бет бұрады. Негізі ол фотограф емес, бұл саладан мүлде алыс. Бірақ талаптанған адам үйреніп алатыны белгілі. Бастапқыда біреудің фотоаппаратын жалға алып, тойларға шығып жүрсе, кейінірек қаржы жинап, жана фотоаппарат сатып алды. Одан кейін бизнес нысандарымен келісіп, жұмыс жүргізе бастады.

– Енді қазіргі күні олар жанама табыс көзі болып қалды. Ал негізгі уақытым мен күш-жігерімді, білімімді өзімнің салам бойынша жастарды дамытуға, облыстың дамуына үлес қосуға бел байладым, – дейді осы ретте Жанарыс.

Ол университетте оқып жүрген кезінде жастар бизнес орталығымен тығыз қарым-қатынаста болғанын айта кету керек. Алғашқыда волонтер болып, тегін жұмыс істесе, кейін менеджер ретінде жалғастырды. Университетті



бітіргенде осы орталыққа жетекші болып тағайындалды.

Орталықтың ауқымды жобасының бірі – «Kyzylorda business hub». Ол алғаш рет стартап жобаларына конкурс өткізді. Бұл бүкіл облыс жастарын кәсіпкерлік саласына тартқан, қамтыған жоба болды. Оның алғашқы кезеңінде, яғни 2019 жылы «Жастар жылы» аясында 450 жас қатысты. Содан 110 жоба жартылай финалға өткізіліп, одан 22 жоба финалға шыққан болатын.

– Біз оларды алғаш рет инвесторлар мен қаржылық институттардың алдына апардық. Нәтижесін берді. Осылайша өңірміздегі жобалар жүзеге аса бастады. Үш жылда дәстүрлі түрде ұйымдастырылған осы жобаға қатысуға облыс жастарынан 1200-ден аса өкіл қамтылды. Әр жыл сайын 240-250-дей жоба идея сатысынан көтеріліп, жоба сатысына шықса, инвесторлар алдына елуден астам жоба ұсынылды. Олардың арасында қаражат алғандар, грант жеңіп алғандар бар. Сол кезеңде «Zhas project» жобасы аясында орталық резиденттері 22 млн теңге қаржыландыруға ие болған. «Alpha project night» республикалық стартап жобалар байқауында да университет I орын иеленді. «Shevtop» компаниясының байқауында экологиялық стартап жоба 800 долларды құрайтын кіші грантка ие болды. Сонымен қатар «UNICEF» халықаралық қорының байқауында білім саласындағы «КБХ-Финанс» стартап жобасы 1000 доллар қаржы ұтып алды, – деген орталық жетекшісі қазіргі негізгі бағыт IT саласында да жұмыс атқару екенін жеткізді.

Бұл бағыттағы жұмыстарға облыстық аппараттық технология орталығы үлкен қолдау көрсетіп келеді. Сондай-ақ облыстық қоғамдық даму, кәсіпкерлік басқармаларының қолдауымен IT саласында бірлескен іс-шаралар өткізіліп тұрады. «Smart city Kyzylorda» хақатондары, «Inno. Fest Qyzylorda» инновациялық жобалар фестивалі – осындай бірлескен жұмыстардың нәтижесі. Бұл іс-шараларға өңірдегі IT саласында өзін көрсете алатын, дағдылары бар, қабілетті жастар көптеп тартылған. Оларды жүзеге асыруда «Нұрсұлтан Назарбаев» қоры, «Astana Hub» халықаралық технопарк, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Болашақ» университеті, IT Park, «Абзал және К» ТС, «Grand master» бағдарламалау мектебі» ЖШС, «Сыр үміті» жастар қауымдастығы, Қазақстан IT мамандары ассоциациясы, «Qosyl» жастар орталығы, «Мансап» мектебі, «Kyzylorda Business Hub» ЖШС секілді ұйымдар серіктес болғанын айта кету керек.

– Әдетте бұл сала туралы әңгіме қозғасақ, біз Астана, Алматы және Қарағандыны ғана айтатынбыз. Үлкен қалалар мен үлкен цифрлық алаңдарда ғана үлкен байқаулар өтеді. Өкінішке қарай, біз олардан тыс қалып жатамыз. Бізге мұндай жағдай ұнамады. Сондықтан облысты дамытуға септігін тигізетін, жүйелі түрде өтетін іс-шараларды қаладық. Облыстық әкімдіктің қолдауымен осындай іс-шаралар өткізе бастадық. Жетістіктер бар, – делі Ж.Түбекбаев. Мысалы, елордада «3.2.1. Старт» әлеуметтік жобасының жеңімпаздары болып Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті өкілдері анықталды. Сөйтіп I миллион теңге иеленді. Олар «Қаржылық сауаттылықты дамыту платформасы» жобасын ұсынған болатын. Сол секілді Астанада өткен «ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO – 2022» республикалық жобалар сайысында университет студенттерінен құрылған команда II орын алып, 700 мың теңге иеленді. Сонымен қатар, университет студенттерінен құралған команданың тағы бір жұмысы «BEELINE&ENACTUS: Жарқын жақта өмір сүр» арнайы IT жобалар байқауында үздіктер қатарына еніп, BEELINE

кеңсесінің жаздық инкубациясына шақыру алды.

Кәсіпкерлікті дамыту бойынша осы кезге дейін «Startup Bolashak. Menin armanym» жобасы, «Zhas project» бағдарламасы, «HackDay» және «Smart city Kyzylorda» хақатондары және басқа да ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Орталық бес жыл ішінде 7 мыңнан астам жасқа бағыт-бағдар берді. Осы уақытқа дейін инкубатордан 89 резидент-түлек шығып, жалпы 70 млн теңгеге жуық қаржы тартылды.

– Қазіргі таңда университеттің Кәсіпкерлік орталығы білім алушылар мен профессор-оқытушылар арасында кәсіпкерлікпен шұғылдануға көмектесетін алаңға айналды. Бизнес жобалардың қырсырын, стартап жобалардың мақсаты мен міндетін, мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан осы саладағы қаржыландыру көздерін кеңінен түсіндіреді, үйретеді және насихаттайды. Орталық жетекшісі – іскер әрі креативті менеджер. Аталған орталық резиденттері республикалық және облыстық деңгейлерде түрлі жобаларды ұсынып, қаржылай қолдау алуға. Жалпы университеттің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі – білім алушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, сонымен қатар миллионер студенттерді қалыптастыру, – дейді осы орайда университет проректоры Жандос Базартай.

Иә, креативті маман деп өз ісін құлшыныспен, шығармашылық шабытпен атқаратын адамды айта сөз керек. Ж.Түбекбаев Кәсіпкерлік орталықтың жетекшісі ретінде бағдарламалар жобасын, іс-шаралар, семинарлар кестесін дайындап, стратегиялық тұрғыдан жылдық жоспарға жауап береді. Қалған қызметкерлер студенттер қатарынан алынған. Жалпы орталықта төрт қызметкер бер. Жобалық менеджер студенттер арасында жүріп кімнің қандай кәсіпке бейімі барын, олардың бағдарламаларға, конкурстарға өтімін беруді, оның дұрыс рәсімделуін ұйымдастырып, пиар-менеджер әлеуметтік желілерде, БАҚ-тарда ақпараттандыруға жауапты. Контакт-менеджер жалпы ішкі контент білім беру саласына жауапты.

Орталық жетекшісінің айтуынша, болашақта өңірлік венчурлық қор құру мақсаты тұр. Бұрын тек университеттің ішкі контингентімен жұмыс жүргізіліп келсе, жалпы облысты қамтуға күш салынуға. Барлығы уақытқа, мүмкіндіктерге, қаржыға келіп тіреледі. Кейінгі бір жылда әріптестікті нығайтуға, жалпы республикалық бағдарламаларға қатысуға, облыс намысын қорғауға бетбұрыс жасалған. Соның аясында төрт меморандум бекітілген.

– Жастар өкілі болғаннан кейін бе, менің қазіргі қағидам адам өмір бойы білімін, дағдыларын жетілдіріп отыру керек дегенге саяды. Студенттердің тек білім алсам болды деген оймен шектеліп қалуын қателік деп есептеймін. Тұлға ретінде дамып, табысты жұмысқа тұрғысы келсе, тұрға болып қалыптасу үшін біздің орталықтың оқуына қатысып, белсенділік танытқаны дұрыс. Командамен жұмыс істеу маңызды. Негізі біздің университет басқа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда кәсіпкерлік саласын қолдауға үлкен мән береді. Өйткені, университет басшылығының қағидасы бойынша әрбір түлек жай ғана маман емес, ол миллионер болып шығуы керек. Ол қандай миллион? Миллион жалақы алатын қызметкер ме, әлде миллион табыс табатын кәсіпкер бола ма? Бастысы – өз кәсібін жетік меңгерген табысты маман даярлап шығару. Біз қазірден бастап миллионерлер шығарсақ, болашақта олар миллионердегі айналатын болады, – дейді ол өз ойын ширата түсіп.

Шынында, қоғам құбылысын аңдай алатын жастардың ойы құндылықтар қалыптастыруға үндейді. Бұл енді – уақыт талабы.



Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған



Ізгі ниет ілгері жетелейді. Қазалы жерінде өсіп-өнген, ел-жұртының шынайы құрметіне бөленген абзал жандар аз емес. Солардың қатарындағы Киікбай Шамшаулы Әйімшевтің ортамыздан алыстап кеткеніне біраз уақыттың жүзі болса да, көзгергендердің көкірек сарайында сақталған естелік пен жылы лебізді құлағымыз жиі шалады.



Орынбасаров, бас зоотехник Алмас Мұратбаев, пропраб Ерсайын Тапалов, ферма менгерушісі Кәрен Жолшиев, егіс бригадирлері Сәрсенбай Жүргенов, Келмағанбет Ерсейітов, Құлбарак Пайызовпен қойын-қолтық араласуының арқасында жүйелі жоспарлар тетігі өз шешімін тауып жатты.

Жоғарыдағы аты аталған жігерлі жігіттердің ауызбіршілік танытып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруының арқасында ауылдың экономикалық өсімі жасарды. Техникалық қуаты артып, егінді алқап ұлғайтылып, мал басы көбейтілді. Әлеуметтік жағдайға жіті көңіл бөлініп, жанадан кенсе үйі, мектеп, клуб бой көтерді. Ақшаңқан үйлер көптеп тұрғызылып, қатарласқан көшелер пайдаланды. Аяқсу арықтары қазылып, етегіне саялы ағаштар отырғызылды. Бүгінде Ү.Түктібаев ауылына алып баратын күре жолдың бойындағы талдар Киікбай Шамшаулының егілгенін айыптырады.

Жеті жыл бойы шаруашылықтағы табиғаттың төрт мезгілінде бір-бірімен қа-

баттаса атқарылатын қайнаған жұмыста ширап, шыңдалған ол 1981 жылы Қазалы орман шаруашылығы мекемесінің басшысы тізгінін қолға алды. Қармақшы мен «Сексеуіл» стансасы аралығындағы елді мекендерді көркейту, қоғалдандырумен орман-тоғай байлығын қорғау осы мекемеге жүктелген.

Табиғат қорғаушыларының белгіленген шаруаға деген тастүйін қамы көктем мен күз айларында қызды. Күзде Қарақум беткейіндегі ыңғайлы жер жыртылып, сексеуіл егуге дайындалды. Қазан айының ортасынан ауа бере өсімдік өскіндерінен тұқым әзірленіп, арнайы белгіленген алапақ орналастыру басталады.

Мұнан басқа елді мекендерді қоғалдандыруға арналған ағаш көшеттерін өсіретін питомник жасалады. Оған түрлі саялы және жеміс ағаштар тігіліп, бағым-күтімге алынады.

Ақкөңіл аға қандай жауапты қызметтің басында жүрсе де, отбасы мен балалар жағдайын көңілінен таса қалдырмаған. Зайыбы Рахимамен бірге алтын асықтай ұл-қыздарына саналы да тәлімді тәрбие берді. Балалары үлкеннің алдынан кесе өтпей, кішіні ренжітпей, иман мен ақылды тең ұстап ержетті.

Ердің атын ел шығарады. Кезінде халқы үшін қажымай-талмай еңбек етуінің арқасында «Қазалының Киікбайы» атанған тұлғаны кейінгі толқын жастар мен бұрынғы аралас-құраластары ардақтап, есімін есте қалдыру шараларын ұйымдастырып жатса, нұр үстіне нұр дер едік.

Сахи ҚАНАР,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Қазалы ауданы

ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидия нормаларын, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңының 7-бабына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С.С.Кожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н. Нәлібаев

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «...» №... қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормаларын, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі

№	Басым дақылдар тізбесі	Субсидия нормасы (1 тоннаға), теңге	Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі, теңге
1	Мақсары	23 960,6	25 000 000,0
2	Дәндік жүгері	15 420,8	

Қоғамдық кеңестердің республикалық мәжілісі

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Қоғамдық кеңестердің қызметін қайта форматтау бойынша Астана қаласында қоғамдық кеңестердің III республикалық мәжілісі осындай тақырыппен өтті. Оған біздің облыстан қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов бастаған облыстық, қалалық, аудандық қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.



Әртүрлі деңгейдегі қоғамдық кеңес арадағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылым. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мәжілісте осындай ұсыныс айтты.

– Жаңа алаң ішкі бәсекелестікті арттырып, кеңес мүшелері қызметінің міндетін дербес бағалауға мүмкіндік береді, – дейді ведомство басшысы. – Осы арада мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс немесе гранттық қаржыландыру аясында қоғамдық кеңес мүшелерінің қасиетті біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды әрбір өңірде іске асыру мүмкіндігі ұсынылады. Былтыр қоғамдық кеңестер заңнамасына бірталай өзгертулер енгізілді. Алайда кеңестер қызметін жандандыру заңнамаға өзгеріс енгізумен ғана шектелмейді. Кез келген заңнама нормалары қоғамдық кеңестердің күнделікті қызметінде қолданылған жағдайда ғана біз оның нақты пайдасын көре аламыз, – деді министр.

Өзін-өзі басқару ұйымдарына халық сенімін арттыру үшін азаматтарды қабылдап, олардың мәселесін күн тәртібіне қою керек. Мұндай ұсыныс қоғамдық кеңестердің 3-республикалық мәжілісінде айтылды. Қазір елімізде барлығы 256 қоғамдық кеңес жұмыс істеп тұр. Оған 4000-ға жуық адам мүше. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бұл ұйымдары институт ретінде дамытып, күзгіретін кеңейту мақсатында бірнеше ұсыныс дайындаған. Оның ішінде республикалық деңгейде үйлестіру кеңесін құру, кеңес мүшелерінің қызметін бағалау механизмін енгізу, атқарылып жатқан жұмыс нәтижесін бұқаралық жеткізу және халықпен байланысты одан әрі нығайту туралы бастамалар бар. Быыл қоғамдық бақылаудың 150 жобасы сәтті орындалды. «Жаңа Қазақстан» үлгісі осыған дәлел дейді ұйымдастырушылар.

«СБ» ақпарат

СЫРДАРИЯЛЫҚ ЖАУЫНГЕРДІҢ ДЕРЕГІ ТАБЫЛДЫ

Сан мыңдаған адам өмірін жалмаған Ұлы Отан соғысы салған жара өлі де жазылар емес. Олай дейтініміз, Қазақстаннан қан майданда 1 миллион 300 мыңнан аса жауынгер аттанса, олардың жартысынан көбі елге оралмады. Ал туған жерге келмегендердің ішінде 271503 сарбаз хабар-ошарсыз кеткен.

Сол хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлерді іздеу жұмыстары әлі де жүргізіліп жатыр. Оған мемлекет тарапынан айтарлықтай көңіл бөлінбесе де, еріктілердің белсенділігі арқылы біраз жауынгерге туған жер топырағы бұйырды. Жақында көршілес Ресейдің Ленинград облысынан сырдариялық жауынгер сүйегінің табылғаны жөнінде хабар келді. Ол хабарды «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Әлия Сағымбаева жеткізді. Біз ол кісімен телефон арқылы сөйлесіп, мәңжайды білген едік.

– Елімізде қазақ тарихын жаңғыртуға қатысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы іске асырылуда. Соның негізінде XVI-XIX ғасырлардағы тарих пен рухани құндылықтар қамтылып жатыр. Негізінде осы бағдарлама аясында Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлікпен қаза тауып, майдан даласында қалған, хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлерді іздеуіміз, ерлігі мен есімдерін жаңғырту керек деп есептеймін. Бұған мемлекет тарапынан айтарлықтай көңіл бөлінбесе де, біз секілді еріктілер ұрыс даласында хабар-ошарсыз кеткен сарбаздарды іздеуіміз, олардың ұрпақтарын тауып, туған жеріне жеткізу жұмыстарын жүргізуіміз. Соғыс жылдарында оққа ұшып, қаза болған сарбаздарды топырақпен көміп кете берген. Содан біраз жауынгер хабар-ошарсыз кеткендер санатына жатқызылған. Траншеяларға көмілген сарбаздар Ресей, Украина, Беларусь мемлекеттерінің аумағында көп, – деген Ә.Сағымбаева осы өңірден майданға аттанған жауынгер туралы айтты.

Ресейде хабар-ошарсыз кеткен сарбаздарды іздеу жұмыстарын еріктілер тобы атқаруда. Жақында Ленинград облысында Суворов атындағы іздеуші тобы бақшалық жерден екі жауынгердің сүйегін тапқан. Соғыс кезінде әр жауынгердің мой-

нында гильза болған. Онда сарбаздың аты-жөні, қай жерден соғысқа аттанғаны туралы мәлімет жазылады екен. Мұның қан майданда қаза тапқан жауынгердің кім екенін анықтауға септігі тиген. Десе де, көбісі мұны жаман ырмға балап, дақтырып тастайтын көрінеді. Ленинградтан табылған қос жауынгердің бірінде мұндай гильза болмаған. Сондықтан оның кім екені белгісіз. Ал екінші жауынгерден гильза табылып, онда «Култасов Дажекбай. Кзылординская обл. Теренузекский район, №5 аул совет. Жена – Култасова Бачжан. Кзылординская обл. Теренузекский район, №5 аул совет» деп жазылған.

Жауынгердің аты-жөні белгілі болған соң ресейлік іздеуші тобының жетекшісі Ольга Стружанова Әлия Сағымбаеваға қазақстандық жауынгердің сүйегі табылғаны жөнінде хабар берген. Қоғамдық бірлестік құрылтайшысы ерлігі туралы ақпарат іздегіреді. Ресей Қорғаныс министрлігінің «Память народа 1941-1945» сайт архивінен екі құжат табылған. Бірінде «Култасов Дажекбай» деліне, екіншісінде «Култасов Дадикбай» деген ақпарат берілген.

– Хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлер туралы ақпарат Ресейдің архивінде сақтаулы. Бүгінде сол архивтің 30-35 пайызы ашылған жоқ. Табылған мәліметтер бір адам туралы екені анық. Тек майдан даласында жазылғанда қате кетуі мүмкін. Сондай-ақ, әйелінің аты Бачжан емес, Балжан немесе Баждан болуы да мүмкін. Жауынгер 1904 жылы Теренузек ауданы №5 ауылдық кеңесте туған. 1941 жылы Теренузек АӘК арқылы әскер қатарына алынған. 1942 жылдың 9 қыркүйегінде Ленинград үшін майданда хабар-ошарсыз кеткен. Бұл кісінің кім екені белгілі болған соң туған жеріне ұрпақтарын іздеуіміз арнайы хат жолдалық, – деді Ә.Сағымбаева.

Бізбен әңгімесінде қоғамдық ұйым өкілі жауынгердің ұрпақтары табылғанын сүйіншілеп, байланыс нөмірін де берді. Ол кісіден мән-жайды білген соң, жауынгердің ұрпағы Марат Дәдікбайға да арнайы хабарластық. Ол сүйегі табылған жауынгердің туған атасы екенін, ұзақ жылдар бойы іздегіріп келе жатқанын айтты.

– Дәдікбай Култасов – менің туған атам. Ол кісі архивте көрсетілгендей, 1904 жылы дүниеге келген. Ол кездегі №5 ауылдық кеңес сол Теренузек пен Шаған ауылының ортасындағы «Жартықұм» деген жер болуы керек. Ал әжемнің есімі – Баждан. Менің Сәуір Бейісов деген көкем болған. Ол кісі менің атаммен әрі туыс, әрі замандас. Сол көкем «Жаздың бір күнінде Дәдікбай әскерге шақырту келгенін айтты. Содан кейін майданға аттанып кетті» деп айтты отыратын.

Шақыру қағазы келгеннен кейін атам ұлы, яғни менің әкем Кенжебекті ертіп Теренузекке барған. Ол кезде әкем 10 жаста екен. Аудан орталығынан қатарластарымен эшелонға мініді. Оларды Ақтөбе қаласына апарып, сол жакта 136-атқыштар дивизиясы жасақталады. Соның құрамында бір ай жаттығудан өтіп, соғысқа аттанған. Атам Волков майданына катысқан. 1942 жылдың 2 қыркүйегінде соғысқа кіріп, 9 қыркүйек күні қаза тапқан, – деді жауынгер ұрпағы.

М.Дәдікбай әкесін іздеп табуы өз әкесі Кенжебек Аяпов армандағанын жеткізді. 2002 жылы өмірден өткен дегенше балаларына әскер тумен болған. Жауынгер ұрпағы жыл сайын Ресейдегі елшілікке хат жолдайды екен. 2008 жылдары Подольскідегі Ресей Қорғаныс министрлігінің архиві цифрландыруға байланысты ашылғанынан хабардар болып, ол жақтан да жауынгер туралы сұрау салдырған. Ал 2011 жылы соғысқа қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлердің тізімі жарияланды. Солардың ішінде Дәдікбай Култасовтың есімі де бар екен. Дегенмен

жауынгердің қай жерге жерленгені белгісіз болған.

– Бұл хабарды 20 қыркүйек күні естідім. Содан қоғамдық бірлестік өкілдерімен кездестік. Енді атамның мәйітін туған жерге жеткізу қарекетін жасаймыз. Бұйырса, өзі туған жерге апарып, арулап жерлеп, Құран бағыштаймыз. Қоғамдық бірлестік өкілдеріне шынайы алғысымыз жеткіземін, – дейді ол.

Біз жауынгердің ұрпақтары туралы сұрадық. Д.Култасовтың екі ұлы болған. Біріншісі Кенжебек болса, екіншісінің есімі белгісіз және жауынгер майданға аттанғаннан кейін 2 жылдан соң бақилық болыпты. «Әкем ол кісі туралы көп айтпайтын» дейді М.Дәдікбай.

Ал Кенжебек Аяповтан 4 ағайынды сұрадық. Үлкені Әлия бүгінде Байқоңыр қаласында тұрады. Одан кейінгісі – Қожабек Дәдікбай. Бұл кісінің есімі өңір жұртшылығына жақсы таныс. Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосқан, Шаған ауылын республикаға танытқан білікті басшы, іскер ұйымдастырушы болды. Өмірден өтсе де, есімі мақтанышпен айтылады. Ағайындылардың үшіншісі Марат Дәдікбай да – елге белгілі тұлға. Баспасөз саласында өзіндік қолтаңбасы бар қарымды қаламгер ақпарат саласында, одан бөлек «Қазақстан Күрші одағы» заңды тұлғалар қоғамының атқарушы директоры, «Рауан» баспа үйі» ЖШС-ның коммерциялық директоры, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы қызметтерін атқарған. Бүгінде құрметті зейнет демалысында, Астана қаласында тұрады. Ал әулеттің ең кенжесі Жанат Дәдікбай Қызылорда қаласында.

Осындай өсіп-өнген әулет бүгінде ата дерегінің табылып, оған туған жер топырағы бұйыратынына бек қуанышты екенін жеткізді. Біз де бейбіт өмір үшін жан пида еткен сырдариялық жауынгердің сүйегі туған жерге жеткізілуіне тілекшіміз.

Ердо БЕРКІНБАЕВ.
Сырдария ауданы

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

«Қазгермұнай» БК» ЖШС ұжымы жоспарлау, бақылау және экономикалық талдау бөлімінің бас маманы Нұршыев Бақытжанға әкесі **Арғынбектің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ТУҒАН ЖЕР – ТҰҒЫРЫМ» БАЙҚАУЫНА

Байбіше, қамдана бер. Тауға көш бастаймыз, – деді Қайрат. Отағасының бір ауыз сөзін күтіп отырған Гүлбану түйіп қойған жүгін көлікке таси бастады. Ыдыс-аяқ, киім-кешек, керек-жарактың бәрін алды. Көліктің кабинасына алты бала-сы сыймазын білген соң жүктің үстіне киіз төсең, көрпеше салғызды. Кабинаға бес баласын отырғызып, өзі емізулі сәбімінен жүктің үстіне көтерілді.



КӨШІ

– Е, сені неге жанымызға ертіп жүр дейсің? Мерген болмасаң, жәрдемші етер ме ем. Бір оғын шет кетпеген сұрмергенсің. Мұның қасында айдалада жүрсен де аш қалмайсың, – деп мақтап қойды. Әзіл-қалжың араласқан әңгіме өрби түсті.

алдына от жағып, қоян етін асты. Кешкі астан соң, қараңғылық орнады. Төрт жерге от тұтатты. Мұнысы жұртқыштан қорғануы еді. Мылтық асынып, таңға дейін кезек-кезек күзетті.

Таң қылаң бергенде отардың ортасы екіге бөлініп, мал үркі жөнелді. Мылтық тарс-тарс

тұрды. Төс қағыстырған жігіттер жолға шықты.

Түс ауғанға дейін мал басы тоқтаған жоқ. «Талап» бекетіне жеткенде түстенді. Одан әрі көш жалғаса берді. «Бесарық» бекеті тұсына жетіп, түнеуді ұйғарды. Қарын ашқаны сезіліп, аң аулауға бекінді. «Сатымсай» төңірегін шарлап, қабанның інін тапты. Ыңғайлы жерге жантайып, інді барлады. Қамыс арасы сытырлап, қорсылдаған дыбыс естілді. Бақса қара қабан інге қарай оқталыпты. Дәлдеп тұрып, көзіне оқ тигізді. Битыра оғы көзін алған соң, дәрменсіз күйге түскен. Деруу барып, олжалады. Аяғынан сүйреп, қосынға келді.

Түн. Кенет жаңбыр сіркіреп, найзағай жарқылдай бастады. Төрт аяқты тыпыршып мазалана бастады. «Мә, мә, мә!» деген дыбыс еміс-еміс естілді. Ық іздеп, өре бастады. Сайға барып, жағалауына паналады. Алтауы да ұйқы көрмеді. Көз ілінсе, малдан айырылып қалу оп-онай. Жаңбыр басылғанша, дем алмады. Таңға дейін ұласқан жаңбыр алтауды да сілелетті. Жарқылдаған найзағай отарды қайта-қайта бөліп, қой басын біріктіріп берді. Таң ата жел де, жаңбыр да, найзағай да басылып, тыныштық орнады.

Алтаудың кіріпкі қағар күші қалмады. Таңғы асқа зауқы болмай, атқа қонды. Бірі аттың жалына ұйықтап, бірі жүрсе қалғып келеді. Тау алыстан көрінген сәтте қойшылардың жігері артып, «енді, кешке дейін жетіп қалармыз» деген үміт оянда. «Көбелдес» шаруа қожалығының төрағасы Нышанбек Молдашев қойшылардың төбесін көре сала ыстық нан мен айран-сүт жөнелтті. Әлденген жігіттер тауға өрлей бастады.

Кеш батарда «Бесарық» су қоймасына жетті. Қайрат көштен озып, «Жылқы ауылға» жалғыз аттанды. Онда үш күн бұрын аттанған отбасы қараша ұй тігіп, қора қоршап жатқан еді. Алыстан әкесін тағыған балалары: «Анашым, әкем келе жатыр» десті. Гүлбану самаурынға шөк салды. Қазанда бұрқыраған еттің көбігін алды. Қайрат бесіктегі баласының маңдайынан иіскеп, шаршағанын ұмытты. Бұл кезде қой да қораға кірген. Абыр-сабыр басылып, қойшылар көште көрген қызықтарын айтып, жас балалармен шүйірлесісті.

Мақпал МАРҚАБАЙ

Құттықтаймыз

Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті Ғ.Мұратбаев көшесі 147 үйдің тұрғыны Әшімов Бекет Бегімұлын 30 қазан күнгі мерейлі 63 жасымен құттықтаймын!



Бекет Бегімұлы еңбек жолын қарапайым дәнекерлеуші болып бастап, еңбекқорлығы мен іскерлігінің арқасында Тасбөгет кенті әкімінің орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Бүгінгі таңда ел алдында беделді, сыйлы азамат болуы адал еңбегінің өтеуі деп білемін. Сіз балаларыңыздың білім алып, өмірден өз орындарын адалық табуына зор еңбек сіңірген жанашыр әкесіз, кездескенде ағалық ақылын айтып, жол сілтер қамқоршы ағасыз!

Еңбек жолын бастап едің еліңе, Дәнекерлеп темірлерді темірге. Адал еңбек абыройы емес пе? Сайланғаның депутат боп посёлкелік кеңеске.

Әкімдікте 30 жылың өтіпті. Осыныша жасы халық сізге сеніпті. Бәрі жақсы, реніш жоқ ағатай, Демалатын сәттіңіз де келіпті.

Тілекіміз алыс-жақын ағайын, Қыстақтағы ақұдай мен жақайым. Жайсаң мінез, қуатты боп жүре бер, Отбасында бірлік болып әрдайым, – дей отырып сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын. Өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілеймін!

Ізгі ниетпен, қарындасыңыз Шаттық Елбосынқызы

Шығармалар сарапқа салынды

Облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің №60 түзету мекемесінде 25 қазан – Республика күні қарсаңында шығарма байқауы өтті. Қазылар алқасы сотталған азаматтардың шығармашылық жұмыстарын сарапқа салып, жеңімпазды анықтады.

Байқаудың мақсаты – жазасын өтеп жатқан азаматтар арасында шығармашылықты қолдау және дамыту, сол арқылы олардың қоғамға бейімделуін қамтамасыз ету.

Байқауға 11 адам қатысып, «Отан.Сенім.Мемлекет» тақырыбында шығарма жазды. Қазылар алқасы облыстық қоғамдық даму басқармасының өкілдері, мекеменің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және теолог мамандардан құралған.

Мұндай іс-шаралар сотталған азаматтардың түзелу және қайта тәрбиелену деңгейіне баға беруге, сондай-ақ олардың жеке басындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді, – деді мекеме басшысының тәрбие жөніндегі орынбасары Бақыт Наурызбаев.

Қазылар алқасының шешімімен 1-орынды №60 түзету мекемесінде жазасын өтеуші Н.К есімді азамат иеленді. Сайыс қатысушылары Алғыс хатпен және ынғаламдары сыйлықтарымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

Ғ.МҰРАТБАЕВ – 120

Алаштың айбынды ұлы, Шығыс шамшырағы, қазақ жастарының көсемі Ғани Мұратбаевтың өмір жолын зерттеп, зерделеп, оның бойындағы қайсарлық, өділдік, қайырымдылық, сондай-ақ, іскер ұйымдастырушылық қасиеттерін бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп, насихаттаудың маңызы зор. Осы орайда Ғ.Мұратбаевтың 120 жылдығы аясында облыс орталығындағы Ғ.Мұратбаев атындағы №171 мектепте «Шығыстың шамшырағы – ұрпақтарға ұлағат» атты жыр-мұшайра өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Шығыстың шамшырағы – шығармашылық арқауы



Жыр байқауының ашылуда мектеп директоры Бекзат Ибраев Алаш ұрпағының мақтанышына айналған, жасындай жарқ еткен қас-қам ғұмырында терең біліммен, текті болмысымен халқының жүрегінде қалған Ғ.Мұратбаевтың 120 жылдығы және 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекесі аясында ұйымдастырылып отырған іс-шараның маң-мағынасы зор екенін атап өтті. Қалалық білім бөлімі атынан кәсіпқой ұйымының төрайымы Орынша Міржақыпқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Іс-шарада жас ұрпақты елінің

дейтініміз, өлең шумақтарында жан-жақты ізденіс, талант пен талпыныс, қарым-қабілет үйлесімі көрініс тапқан. Жыр-мұшайраға 20-ға жуық мектептен жас мұғалімдер қатысты. Олардың қатарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен бөлек, математика, ағылшын тілі сияқты пәндердің оқытушылары да бар. Қазылар алқасы өлеңнің мағынасына, ұйқас, буындары-

ның байланысына, тақырыптың ашылуына, сөз қолдану шеберлігіне баса назар аударды. Жан толқытар жақсы туындылар ә дегеннен көзге түсті. Бір қуанарлығы, тақырып тек арнау деңгейінде қалмай, шын мәнісіндегі шығармашылық байқау болды.

Жыр байқауына қазылық жасаған №7 мектеп-гимназия мұғалімі, педагог-шебер Гүлжанат Кенжалиева тақырыптың мәнін ашудағы жас мұғалімдердің ізденісі мен талап деңгейі төңірегінде ой-пікірін айтса, Халықаралық ақын-жыршылар одағының мүшесі Жұмабай Шернияз осы мектеп іеленгені үшін қалалық білім бөлімінің дипломын алса, Гүлзия Жұмағалиева (43 мектеп), Досхан Ахметқалиев (39 мектеп), Перизат Мұхат «Алғыспен» және қалалық кәсіпқой ұйымының сыйлықтарымен марапатталды.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Туған жердің аласармас тұлғасы


Жақинда «Сырдың Аятолласы» аталатын кітап қолыма тиді.

Кітапқа Сыр елінің саңлақ перзенті, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы Амангелді Мүбәрақұлы Абдуллаевтың өнегелі өмір жолы мен артында қалдырған өшпес істері жайлы көркем туындылар топталып, естеліктер, мақалалар мен эсселер жинақталған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары барлық шаруашылықтар шатқаяқтап, мекеме, өндіріс орындарының тұралап қалғанын білеміз. Кезінде Одаққа аты белгілі болған «Жанақорған шипажайы» да нарық қамытын киіп, тарап кетудің аз-ақ алдында тұрды.

«Өбекең сол іске бел шеше кірісті. Шипажайдың қазіргі жағдайға жетуі – ағамыздың арқасы. Он жылға жетпей-ақ шипажай даңқы қайта көтеріліп, гүлденіп, дүрілдеп жұмыс істеп кетті. Сондай қиын уақытта тұралаған шаруашылықты аяғынан тұрғызып, күндіз-түні тынымсыз еңбек еткен ағамыздың ісі – ерлікпен пара-пар», – деп жазды кітапта 1995-1999 жылдары Қызылорда облысын басқарған мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Маңбекұлы Сапарбаев.

Кітапқа Д.Әлжаппарұлының «Мұзбалақ» атты повесі, поэмасы мен драмалық шығармасы енген. Түгел бір ауылды қақпаны мен қара мылтығы асыраған Мүбәрақ ақсақалдың тәлімін алған, жасынан қиссадастан тыңдап өскен бала Амангелдің дана Амангелдіге



айналуы аралығын қамтыған шығармада бір өңірдің тарихы бар. Повесте Октябрь революциясы тұсындағы қазақ ауылының тағдыры, ұлт тілінің қунарлығы, тұрмыс, салт-дәстүр сабақтастығы айқын көрінеді. Сондай-ақ, кітаптағы ардагер ұстаз Зинабдин Шер-мұхамедұлының жазбалары Амангелді Мүбәрақұлының тұлға есебіндегі ерекше бейнесін суреттеп, болмысын аша түскен. «Мысалы, қай жылы шипажай ауласынан барлық жағдай жасалған «Тоқтамис» шипажайын салып пайдалануға берсе, биыл үйінің қасынан ерекше архитектурамен салынған 75 балаға арналған суәулеті «Жұбаныш» балабақшасы бүлдіршіндерге есігін айкара

ашты. Осы ғимараттардың бас сәулетшісі де, құрылысшылар бригадирі де – Әбекеңнің өзі», – деп жазады ол. Сонымен бірге ол кісінің көпбалалы, аз қамтылған отбасы балалары мен жетім балалар оқитын интернеттен жөндеу жұмыстарына қаржы салып, ондаған оқушыға қысқы, жазғы киімдер алып бергенін ризашылықпен атап өтеді. «Алты ата» мешітін күрделі жөндеуге көп көмек беріп, «Көкен батыр» ескерткішін салуда ағайынға бас болғанын айтады.

Біз өнегелі алыстан емес, айналамыздан іздесек те, мол қазынаға кенелер едік. Амангелді ағаның биік адами қасиеттері мен жомарттығы, жан шуағы бір ұрпақты тәрбиелейтін мектеп десек те болады.

Бұл кездері «Жанақорған шипажайына» келіп, ем алушылар мен демалушылардың қарасы қалың. Бұл қатарда өзіміз де бармыз. Әр барғанда бір жасарып, көңіліміз өсіп қайтады.

«Жанақорған шипажайы» қасиетінің қайнары «Теріскен» көлінің мөлдіреген көзі мен Қаратаудан ағындаған жібек самалы маңдайдан сүйгендей әсер етеді.

Ал біздің осындай рахат күйі, шипалы шақтарды сезінуімізге, сіңіруімізге туған жердің аласармас тұлғасы Амангелді ағаның ерен еңбегі сіңгенін біле жүргеніміз абзал.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Media contact information including website, social media links, and address details for Syrbai Media.